Выделяют несколько подходов в вопросах сущности и признаков инвестиционного договора. Например, С.П. Мороз считает, что инвестиционный договор является особой разновидностью гражданско-правовых договоров, которая выделяется не по видам деятельности (традиционная система гражданско-правовых договоров), а по экономическим сферам [5].

Э. М. Омурчиева считает, что инвестиционным контрактом является договор на осуществление инвестиций, предусматривающий инвестиционные преференции [6].

Так, И.Ю. Целовальникова говорит об инвестиционном договоре как о соглашении между участниками инвестиционной деятельности по поводу выполнения определенных действий для реализации инвестиционного проекта [7, с. 126].

Аналогично инвестиционный договор определяют А.А. Овчинников, В.В. Гущин. По их мнению, инвестиционный договор — это соглашение между участниками инвестиционных отношений по выполнению определенных действий в связи с реализацией правомочий осуществления инвестиционного проекта [8, с. 255].

Инвестиционный договор является самостоятельным гражданско-правовым договором (П.В. Сокол) [9, с. 38]. Авторы данной теории считают, что обособленность и самостоятельность предмета данного договора позволяют выделить его в отдельный договорной вид.

П.В. Сокол отмечает, что «основанием выделения инвестиционного договора как отдельного договорного вида в первую очередь необходимо считать инвестиционную цель..., состав субъектов договора, содержание обязательства и распространенность в хозяйственной практике» [9, с. 92].

Представляется, что данный подход является недостаточно обоснованным. Инвестиционная деятельность осуществляется в разных формах, и инвестиционная цель, а равно содержание обязательства в правоотношениях по поводу инвестирования, например, в реальные активы, будет отличаться от инвестирования в ценные бумаги, поэтому нецелесообразно по данным

основаниям выделять инвестиционный договор в отдельный договорной вид. Инвестиционный договор является одним из видов гражданско-правового договора, поименованного в ГК РФ (М.М. Богуславский, М.И. Брагинский, А.В. Майфат) [10, с. 77].

Представители данного подхода отождествляют инвестиционный договор с гражданско-правовыми договорами различных форм, при этом не выделяя критерия отнесения договора, поименованного в ГК, к инвестиционному договору. Так, М.И. Брагинский относит договор инвестирования в строительство к договору строительного подряда, не считая целесообразным заключения дополнительного инвестиционного соглашения [4, с. 79]. Представляется, что данная позиция является недостаточно аргументированной, поскольку авторы, относя инвестиционный договор к гражданско-правовому договору, поименованному в ГК, не указывают на его квалифицирующие признаки, которые позволили им сделать такой вывод.

Инвестиционный договор является обобщенным понятием гражданско-правовых договоров, имеющих общую инвестиционную направленность (Л.Г. Сайфулова [11], Е.В. Лапутева [12]). Л.Г. Сайфулова отмечает, что инвестиционный договор – это экономическая категория. Отношения по поводу инвестирования охватываются различными обязательствами, не поддающимися классификации в рамках одного договорного вида.

Любой договор, связанный с вложением имущества, имущественных прав, денег, можно считать инвестиционным. Связующим звеном данных договоров является их экономическое содержание – вложение средств с целью получения прибыли или достижения иного полезного эффекта [11, с. 84]. Данную позицию поддерживает Е.В. Лапутева, указывая, что «инвестиционный договор не может существовать как самостоятельный договорный тип – он подразумевает различные виды гражданско-правовых договоров, общим для которых является регулирование инвестиционной деятельности» [12, с. 86]. Представляется, что данный подход является достаточно обоснованным. Инвестиционная деятельность осуществляется в разных формах, поэтому целесообразно в рамках инвестиционного договора осуществлять отдельные гражданско-правовые обязательства, имеющие единую инвестиционную направленность и единое экономическое содержание с основным инвестиционным договором.

Интересна точка зрения авторов, которые, изучив существенные условия инвестиционного контракта — предмет, цена, срок контракта, условие о получении инвестиционного дохода, предложили свое определение инвестиционного контракта, с учетом его особенностей: инвестиционный проект является предпосылкой заключения контракта; долгосрочность контрактных отношений; наличие коммерческой заинтересованности; возмездность контрактных отношений для всех участников; использование средств строго по назначению (целевое использование); инвестору предоставлена возможность оказывать влияние на ход производственной и хозяйственной деятельности; общая собственность на вложенное имущество.

Инвестиционный контракт — это договор, в силу которого одна сторона (инвестор) берет на себя обязательства предоставить инвестиции, а другая сторона (организатор инвестирования) обязуется за вознаграждение вложить их для реализации инвестиционного проекта с целью получения прибыли (или других объективированных результатов) в сроки, определенные договором. Направленность инвестиционных контрактов может быть различной, например, целью контракта может быть приобретение в собственность имущества, приобретение объектов во временное пользование или выполнение работ и оказание услуг [13, с. 81-85].

Авторы статьи согласны с позицией ученых [14, с. 95-98], которые считают инвестиционный договор как обобщенное понятие гражданско-правовых договоров, имеющих единые инвестиционные ориентиры, что соотносит инвестиционные договоры с признаками экономической категории. Взаимоотношения в инвестиционной сфере охватывают различные аспекты, которые не поддаются классификации в рамках одной формы правовой ответственности. То есть любой договор, который связан с вложением денежных средств, имущественных прав, имущества, можно отнести к инвестиционным, но критерием отнесения должно служить их экономическое содержание, представляющее собой вложение финансовых ресурсов для получения прибыли либо другого полезного эффекта.

Высокая стоимость, постоянное повышение в цене, хорошая оборотоспособность, ликвидность при перепродаже и др. делают инвестиции в строительство одними из самых привлекательных и надежных форм вложения капитала.

Но при этом остается актуальным вопрос о юридической природе договора долевого строительства в сфере инвестирования строительства, в том числе с привлечением капитала иностранных инвесторов. Вопрос о юридической природе данного договора весьма сложен. Названия договору давали самые разные: договор инвестирования, долевого участия в строительстве, совместной деятельности, купли-продажи объекта будущей недвижимости, строительного подряда и т.д.

При осуществлении инвестирования часто используется договор простого товарищества. Эта форма инвестирования известна не только казахстанскому, но и зарубежному праву; такой учредительный договор относится к одной из договорных форм осуществления иностранных инвестиций.

Осуществление коллективной инвестиционной деятельности в сфере строительства возможно в форме инвестиционного товарищества – разновидности простого товарищества.

Договор инвестиционного товарищества [15, с. 44-46] распространяет свое действие на отношения между соинвесторами (товарищами) и должен содержать наиболее общие условия о предмете, сроке, ответственности вкладчиков, а также размере вкладов. Представляется, что к недостаткам данного договора относится то, что правовая регламентация отношений между инвестором (товарищем) и заказчиком, заказчиком и исполнителем, исполнителем и поставщиком и иными субъектами инвестиционной деятельности в строительстве выходит за рамки регулирования договором инвестиционного товарищества, и будет относиться к сфере действия отдельных договоров, например, купли-продажи, строительного подряда.

Многоквартирные дома часто строятся на долевых началах, что подразумевает под собой распределение расходов на строительство между будущими собственниками объектов недвижимости, которые расположены в таком доме при условии отсутствия у инвесторов — участников долевого строительства юридических прав на земельный участок, где проводится строительство. Причем цели у будущих собственников, которые участвуют в долевом строительстве многоквартирных домов, могут быть различны: начиная с удовлетворения собственных жилищных потребностей и заканчивая последующей перепродажей жилых помещений, которые будут получены в собственность. Нередко застройщики используют «серые» схемы при получении денежных средств на строительство, которые характеризуются заключением с инвесторами инвестиционного договора (договор участия в инвестиционной деятельности, соинвестирования и др.), который, как мы уже отмечали, не отражен в действующих нормах российского законодательства.

Таким образом, определение соотношения инвестиционного договора и договора участия в долевом строительстве представляется весьма сложной проблемой, так как договор в сфере строительной инвестиционной деятельности представляет собой сложный правовой документ, определяющий юридическую природу взаимоотношений титульных владельцев денежных средств или собственников, вкладывающих финансовые ресурсы в объекты недвижимости, их взаимодействие при реализации строительства, в процессе распределения доходов, устанавливает право собственности на объекты недвижимости.

Авторы придерживаются точки зрения, что инвестиционный договор в строительстве, в том числе договор участия в долевом строительстве является разновидностью инвестиционного договора как сложной правовой конструкции.

Любой договор, связанный с вложением имущества, имущественных прав, денег, можно считать инвестиционным.

В связи с этим, целесообразно признание инвестиционного договора в строительстве рамочным договором [16, с. 562-565]. Рамочный договор - договор с открытыми условиями, определяющий общие условия обязательственных взаимоотношений сторон, которые могут быть конкретизированы и уточнены сторонами при заключении отдельных договоров на основании или во исполнение рамочного договора. Инвестиционная деятельность в сфере строительства включает в себя широкий круг правоотношений между инвестором, заказчиком, исполнителем работ, поставщиком и иными субъектами, которые не поддаются урегулированию в рамках лишь одного обязательства. В связи с этим, рамочный договор позволит определить общие условия обязательственных отношений сторон инвестиционного договора в строительстве: предмет, сроки строительства, порядок и сроки инвестирования, гарантийный срок возведенного объекта и иные условия, которые в будущем могут быть конкретизированы и уточнены при заключении отдельных договоров: строительного подряда, купли-продажи, аренды и др., в рамках, установленных основным договором. Учитывая то, что инвестиционная деятельность в строительстве не поддается осуществлению в условиях одного обязательства, применение рамочной конструкции инвестиционного договора вполне оправдано.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года // online.zakon.kz.
- 2 Лисица В. Инвестиционный договор // Закон. 2001. - № 6. - С. 114.
- 3 Мосин А.А. Предпринимательско-правовые средства привлечения иностранных инвестиций в экономику России: дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2009.
- 4 Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга 1: Общие положения. — М., 2005.
- 5 Мороз С.П. Актуальные проблемы инвестиционного права: курс лекций / С.П.Мороз. — Алматы: НИЦ КОУ, 2013 // online.zakon.kz/Document/?doc_id=35480663#pos=1;-173.
- 6 Омурчиева Э.М. Правовые аспекты инвестиционных договоров / Э.М.Омурчиева // zakon.kz/203317-pravovye-aspekty-investicionnykh.html.
- 7 Целовальникова И.Ю. Правовое регулирование инвестиционной деятельности: монография / И.Ю.Целовальникова. — М.: Юрид. ин-т МИИТа, 2013.
- 8 Овчинников А.А. Инвестиционное право: учебник / А.А.Овчинников, В.В.Гущин. — М.: Эксмо, 2006.

9 Сокол П.В. Инвестиционный договор как гражданско-правовая форма инвестирования в жилищное строительство: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03.- Самара, 2002.- 21 с.

10 Еремина А.А. Инвестиционный договор: юридическая природа и место в системе гражданско-правовых договоров // Молодой ученый. - 2017. - №9. - С. 215-217 // <https://moluch.ru/archive/143/40093/>.

11 Сайфулова Л. Г. Договор долевого участия в жилищном строительстве: дис. ... канд. юрид. наук. – Самара, 2001.

12 Лапутева Е.В. Совершенствование договорных отношений в области жилищного строительства: дис. ... канд. юрид. наук. – М., 2003.

13 Кусаинова А.К., Нургалиев Б.М., Уалиев К.С. Договорные отношения. Предпринимательство. Инвестиции // Вестник КарГУ Серия «Право». - 2017. - № 3(87).

14 Козлова Е.Б. Соотношение правовых интересов в договорных отношениях, опосредующих создание объектов недвижимости // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. — 2014. — № 2–2 (40).

15 Титова Е.П., Рудман М. Н. Обеспечение исполнения обязательств в договорах участия в долевом строительстве // Евразийская адвокатура. — 2015. — № 3 (16).

16 Кузенкова А. Г. Проблема соотношения инвестиционного договора и договора участия в долевом строительстве // Молодой ученый. — 2016. — №8 // <https://moluch.ru/archive/112/28414/>.

ТҮЙІН

Весельская Н.Р., заң ғылымдарының кандидаты, профессор
E-mail: veselskiy-l@mail.ru

Ау Т.И., заң ғылымдарының кандидаты, PhD докторы
E-mail: tansher25@yandex.ru
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫ

Мақалада инвестициялық қатынастардың құқықтық нысанына, үлестік құрылысқа қатысу шартының ерекшеліктеріне, оның инвестициялық шартпен арақатынасына талдау жасалған. Қазақстандық және ресейлік тиісті заңнамаларды, ғалымдардың көзқарастарын талдау авторларға инвестициялық шарттың жалпы ғылыми-практикалық анықтамасының болмауы бүгінгі таңда оған Қазақстан Республикасында құқықтық мәртебе беруге теориялық та, тәжірибелік те қажеттілік бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: инвестициялар, үлестік қатысу, инвестициялық келісім, негіздемелік шарты, бірлескен инвесторлар, инвестициялық серіктестік.

RESUME


Veselskaya N.R., PhD in Law, professor
E-mail: veselskiy-l@mail.ru

Au T.I., PhD in Law
E-mail: tansher25@yandex.ru
Karaganda economic University of Kazpotrebsoyuz

INVESTMENT RELATIONS AND THEIR LEGAL FORM

The article analyzes the legal form of investment relations, features of participation contract in shared construction, its relationship with an investment contract. Analysis of relevant Kazakh and Russian legislation and scientists' position allowed authors to conclude, that today, in the absence of a common scientific and practical definition of the investment agreement, in the Republic of Kazakhstan there is both theoretical and practical need to give it a legal status.

Keywords: investments, equity participation, investment contract, framework agreement, co-investors, investment partnership.



Қ.Р. Сарықұлов

заң ғылымдарының кандидаты,
доцент

E-mail: kurman_sr@mail.ru
Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы



М.Ә. Елікбай

заң ғылымдарының кандидаты
E-mail: max_ elikbai@mail.ru



М.А. Сарсенова

заң ғылымдарының магистрі
E-mail: muldir.1987@mail.ru

М. Әуезов атындағы Оңтүстік-
Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент қ.

Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасын талдау

Аңдатпа. Мақалада 2018 жылғы 5 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңына талдау жасалынды. Адвокатураның сапалы құрамын жақсарту мақсатында заң нормаларымен адвокаттардың жылсайын біліктілігін міндетті арттыру механизмі көзделген, нәтижесінде бұл адвокатпен көрсетілетін қызметтердің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға себеп болады. Заңмен әлеуметтік және қаржылық қиын жағдайдағы азаматтар үшін адвокаттан немесе заң консультанттарынан, өзінің құқықтық жағдайын толық сүйемелдеумен ақысыз заң көмегін алу көзделген. Халықты хабардар ету және әділ баға қалыптастыру мақсатында, адвокаттың және заң консультанттарының қызметіне (қызмет түрлері бойынша) төленетін орташа ақы енгізу көзделген.

Түйін сөздер: адвокат, адвокатура, адвокаттық қызмет, заң көмегі.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында, құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлге азаматтарға заңгерлік көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын адвокаттық қызметті жетілдіру бойынша бірнеше міндеттер бекітілген:

- азаматтардың білікті заңгерлік көмек алуға, конституциялық құқығын іске асыру әділ сот төрелігіне қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылады. Осы құқықтың іске асырылу тетіктері жетілдіруді қажет етеді;

- алқабилер сотын енгізу, қамау санкциясын соттарға беру адвокатура рөліне жағымды әсерін тигізді. Алайда, қылмыстық іс жүргізудің белсенді қатысушысы ретіндегі іс жүргізудегі адвокаттың құқықтарын іске асырудың тиімді құқықтық тетіктерін талап етеді;

- заңгерлік көмек көрсету жүйесінің өзі де жетілдіруді талап етеді. Ең алдымен табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесін жақсарту қажет;

- қалалық және ауылдық жерлерде біркелкі емес адвокаттық қызмет көрсетумен қамтудың мәселесін бірте-бірте шешу қажет;

- ақысыз заңгерлік көмек көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеуге әкімшілік ету жүйесі де түзетуді қажет етеді. Аталған жүйені шоғырландырылған және ашық ету қажет, бұл бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

- адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру институты енгізілген елдер тәжірибесін ескере отырып, мұндай сақтандыруды біздің елде енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет [1].

«Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар» [2] деген конституциялық кепілдікті нығайту, құқық үстемділігін қамтамасыз ету, адвокаттық қызмет және құқықтық көмек көрсету саласындағы стандарттар мен критерийлерді, кәсіби қағидаттар мен ережелерді бекіту мақсаттарында 2018 жылы 5 шілдеде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі

туралы» [3] және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [4] заңдар қабылданды.

Адвокатураның сапалы құрамын жақсарту мақсатында заң нормаларымен адвокаттардың жылсайын біліктілігін міндетті арттыру механизмі көзделген, бұл нәтижесінде адвокатпен көрсетілетін қызметтердің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға себеп болады. Заңмен әлеуметтік және қаржылық қиын жағдайдағы азаматтар үшін адвокаттан немесе заң консультанттарынан, өзінің құқықтық жағдайын толық сүйемелдеумен ақысыз заң көмегін алу көзделген. Халықты хабардар ету және әділ баға қалыптастыру мақсатында, адвокаттың және заң консультанттарының қызметіне (қызмет түрлері бойынша) төленетін орташа ақы енгізу көзделген [5]. Осы ақпарат адвокаттар алқаларының және заң консультанттары палаталарының сайттарында ашық қол жеткізуге орналастырылған, бұл азаматтарға қызметтің орташа бағасын анықтауға және оны асырып көтермелеуіне жол бермеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заңнама тұрғысынан жеке тәжірибемен айналысатын заңгерлердің құқықтық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Баршамызға мәлім, бүгінгі таңда, сотта азаматтың мүддесін жоғары заң білімі бар кез келген адам білдіреді, осы ретте осындай көмек жиі сапасыз көрсетіледі. Сондықтан, сотта азаматтардың мүддесін білдіретін тұлғалар үшін заң консультанттар палатасының мүшесі болу міндеті көзделген, бұл сөзсіз Қазақстандағы заң қызметтерін көрсету нарығының дамуына, заң көмегінің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін көтеруге себеп болады [6]. Бұдан басқа, адвокаттар және заң консультанттарының өзара, адвокаттар алқаларымен, заң консультанттар палаталарымен, мемлекетпен қарым-қатынасын реттеуге мүмкіндік беретін заң көмегі ақпараттық жүйесін енгізу арқылы адвокаттар мен заң консультанттарының қызметін автоматтандыру және оңтайландыру ұсынылған. Заңның негізгі мақсаты заң көмегінің ашықтығын, әділдігін және сапасын көтеру болып табылатын бірқатар басқа да жаңашылдықтарды қамтитынын атап өткен жөн. Жалпы айтқанда, Заң нормалары халыққа жоғары біліктілігі бар мамандармен сапалы және қол жетімді заң көмегін көрсетуге бағытталған. Заңды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкелмейді, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді [7].

Заң 4 бөлімнен, 7 тараудан, 98 баптан тұрады. Заңның 1-бөлімінде негізгі ережелер, заң көмегін көрсетудің қағидаттары және түрлері, кешенді әлеуметтік заң көмегі, Үкіметтің және уәкілетті органның заң көмегін көрсету саласындағы құзіреттілігі айтылған. 2-бөлімінде «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Заңның ережелері сақталған. 3-бөлімінде адвокаттық қызметті жетілдіру бойынша ережелер бар. Заңның 4-бөлімінде заң консультанттарының құқықтық мәртебесі және заң консультанттары палатасының қызметінің ережелері көрсетілген.

Заңның негізгі ережелері болып кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету және әлеуметтік және қаржылық қиын жағдайдағы азаматтар үшін адвокаттан немесе заң кеңсесінен оның құқықтық жағдайын толық сүйемелдейтін заң көмегін алу көзделген.

Мұндай көмек тараптардың келісіміне қарай ерікті және ақысыз көрсетіледі.

Кіру жарнасын алып тастау адвокат кәсібіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді, адвокаттың кәсібіне бәсекелестікті көтереді және адвокаттар санының көбейуіне алып келеді.

Адвокаттардың бірден бір жетіспеушілігінің себебі өз кезегінде үміткерлер үшін кіру жарнасының көлемінің ауырлығына байланысты болған, яғни осы күнге дейін кіру жарнасының көлемі 700-800 мың болған.

2011 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін адвокаттық қызметпен лицензия алу құқығына 10 588 лицензия берілген.

2018 жылдың 1 сәуіріне дейін адвокаттық қызметпен айналысып жатқан адвокаттар саны 4733 (2017 жылы - 4634), былтырғы жылмен салыстырғанда 99 адвокатқа көбейген. Соңғы төрт жылда адвокаттар саны бар-жоғы 7-8 % көтерілген (300-400 адвокатқа).

Заңдағы мүлктік кедергіні алып тастау адвокаттық қызметке деген қолжетімділікті қамтамасыз етеді, жас заңгерлердің адвокат кәсібіне кіруіне мүмкіндік береді және адвокаттар арасында бәсекелестік көтеріледі.

Жаңа заңда аттестация өткізу тәртібі және адвокаттың кәсіби біліктілігін қарау тәртібі қарастырылған.

Қазақстанда адвокаттардың біліктілігін арттыру механизмі қарастырылмаған. Дамыған елдерде, мәселен, АҚШ, Франция, Ұлыбритания елдерінде, адвокаттардың кәсіби біліктілігін жүйелі және тұрақты түрде арттыру міндеті заңмен бекітілген.

Жаңа заңда адвокатураның сапалы құрамын жақсарту мақсатында адвокаттардың біліктілігін арттыру механизмі қарастырылған, нәтижесінде адвокаттық қызметтің сапасы және бәсекелестік артады.

Адвокаттардың жыл сайын кәсіби біліктілігін арттыру міндетін енгізу бұл тек заң кәсібіне деген қажеттілік емес, бүгінгі жағдайдағы ажырамайтын бөлігі болып табылады [5].

Сондай-ақ Заңда адвокаттар алқасын басқару органдарының уақытына шектеу қою тәртібі көзделген. Адвокаттар алқасында басшылықтың ауысуы сирек кездеседі. Қазақстандағы адвокаттар

алқаларының төрағалары орташа алғанда өз қызметін 20-25 жылдан бері атқарып келе жатыр. Басқару органдарында қызметін жалғастыру кәсіби қоғамдағы реттеу тәсіліне жағдай туғызбайды.

Заңда адвокаттық ордерді алып тастау көзделген. Адвокаттық ордерді пайдалану тәжірибесі тиімсіздігін және ескіргендігін көрсетеді.

Дамыған елдердің құқықтық дәстүрінде ордер ұқсастығы көзделмеген. Адвокаттық ордерді алып тастау адвокатураның қызметін оңтайландырады, оның ішінде адвокаттардың адвокаттық ұйымның басшысына тәуелділігін алып тастайды, адвокаттардың қаржылық және уақыттық шығындарын қысқартады [7].

Соңғы 4 жылдағы адвокаттардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) түскен шағымдар саны 700 ден аса болған болса, оның ішінде көп жағдайда жақсы деңгейдегі заң көмегін қалайтыны көрсетілген.

Адвокаттардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) түскен шағымдардың көбеюі заң көмегінің көрсету сапасының төмендігін, соның салдарынан төленген гонорарды қайтарып беруі мәселесін көрсетеді.

Ал қалған арыздар адвокаттардың сотта өзін дұрыс ұстамау, сот отырысына келмей қалуы, істі созу сияқты және т.б. қатысты түскен.

Адвокаттардың кәсіби және этикалық жүріс-тұрысының нормаларын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында тәртіптік өндірісті объективті және жан жақты қарау үшін тәртіптік комиссияның екі деңгейлі жүйесі қарастырылған. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының құрамына адвокаттар алқасының ұсынымы бойынша бес жылдан кем емес адвокаттық практика өтілі бар 6 адвокат, уәкілетті органның 3 өкілі, отставкадағы 2 судья енгізіледі.

Жаңа заңнама адвокаттық қызмет жүйесін жетілдіруді көздейді, яғни адвокаттар тапшылығы мәселесін шешуге арналған. Мәселен, қорғаушы мамандығына қолжетімділікті жеңілдету үшін «адвокаттар алқасына кіру жарналарынан» (вступительные взносы) бас тарту көзделген. Мәлім болғандай, мәселен, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар 12 мың 500-ден астам қазақстандықтың шын мәнінде тек 37%-ы қорғаушы болып жұмыс жасайды. Соңғы төрт жылда адвокаттар саны небары 300 адамға ғана көбейген. «Кіру жарнасын жинауға тыйым салу адвокаттар санын көбейтуге, олар арасындағы бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік береді және оларды өздерінің кәсіби деңгейін арттыруға ынталандырады» деп мәлімдеді Әділет министрлігі. Жалпы, Қазақстанда 4 мыңдай адвокат тіркелген. Олар Республикалық адвокаттар алқасына және 16 өңірлік алқаға кіреді. Бүгінде Қазақстанда адвокаттардың жетіспеушілігі өзекті мәселе болып отыр. Олардың қазіргі саны азаматтарға заңгерлік көмекті толыққанды қолжетімді ету үшін жеткіліксіз. Қазақстанда орташа алғанда 3900 азаматқа 1 адвокаттан келеді. Мысалы, Италияда бұл көрсеткіш 260 азаматты, Германия мен Англияда тиісінше 500 және 900 адамды құрайды. Адвокаттардың жетіспеушілігі проблемасын Жоғарғы сот та көтеруде: бір судьяға бізде 2 адвокаттан да келмейді. Еуропада бұл көрсеткіш орташа есеппен 3-5-ке дейін барады [8].

Заң жобасында Pro bono тәжірибесін енгізу, яғни халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін заңгерлік көмек көрсету секілді ізгі тәжірибе өмірге жолдама алмақ. Ол үшін адвокаттарға жылына белгілі бір сағаттардың тегін заң көмегін беру құқығын беру ұсынылды. Сонымен қатар, осындай қызметтерді көрсетудің ең аз көлемі мен тәртібі адвокаттардың, заңгерлердің өзімен, өзін өзі реттейтін ұйымдар, кәсіби қауымдастықтар және тағы басқалар атынан реттелуге тиіс. Жеке тәжірибешілердің құқықтық мәртебесін, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтау және заңды түрде белгілеу ұсынылады. Сондай-ақ, өзін өзі реттейтін ұйымдарды адвокаттық палаталар түрінде құру жоспарланып отыр, онда мүшелігі сотқа өкілдік ету түрінде заңгерлік көмек көрсететін жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ заңгерлік кеңес беретін адвокаттар өз еркімен заң кеңесшілерінің палатасына кіруге құқылы.

Жаңа заң арқылы қазақстандық заңгерлердің «клиентке бағдарланушылығын» қамтамасыз ету тетіктері жаңартылды. Бұған қол жеткізу үшін осы құжат арқылы бірқатар жаңашылдықтар өмірге жолдама алмақ. Біріншіден, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап, «адвокаттың кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру» енгізіледі. Мұның нарықта бар өзгелерінен айырмашылығы сол, бұл міндетті сақтандырудың талаптары, түрлері мен типтік шарттары екі жақтың өзара келісімімен емес, заңнамалық актілермен бекітіледі. Дәл осындай адвокаттар жауапкершілігін сақтандыру әлемдік практикада, мысалы, Германия мен Францияда орын алған. Атап айтқанда, Францияда 1991 жылдан бері «Адвокат кәсібін ұйымдастыру туралы» Заңы жұмыс жасайды және ол осы мамандық иелерінің кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыруды көздейді. Бұл елде әрбір қорғаушы өзінің көрсететін қызметінің сапалы әрі жауапты болатынына кепілдік ретінде жыл сайын 2 миллион франк көлемінде сақтандыру сомасын енгізуі заңмен бекітілген, қазір бұл 300 мың еуроға тең. АҚШ-тың 52 штаты осы салада төл сақтандыру жүйесіне ие. Бұл ретте негізінен «жеке сақтандыру» моделі басым. Тек Орегон штатында ғана ұжымдық сақтандыру жұмыс жасайды. Посткеңестік кеңістікте Грузияда әрбір адвокат өзінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға міндетті. Егер ол адвокат заңға қайшы тірлікке барса, онда сақтандыру қаржылары оның клиентінің материалдық шығынын өтеуге жұмсалады. Эстонияда да жауапкершілікті сақтандыру қорғаушы кәсібін таңдағандарға міндетті болып табылады. Екіншіден, pro bono негізінде заңгерлік көмекті тегін көрсету жүйесі енді Қазақстанда да ендірілді. Бұл ретте «pro

вопо» латын тілінен «қоғамның игілігі үшін» деп аударылады. Заң жобасында бұл институт халықаралық тәжірибенің, дәлірек айтқанда, АҚШ, Англия, Аустралия, Франция, Нидерланды секілді елдердің тәжірибесін ескере отырып, модернизацияланыпты және заңдық айналымға «кешенді әлеуметтік заңгерлік көмек» ретінде енеді. Бұл ретте pro bono қызметі міндет емес, тек құқық болып табылады және оны іске асыруға бірде бір адвокат мәжбүрлендірілмеуге тиіс. Түсіндіре кетер жайт, Қазақстанда нотариустар халыққа тегін құқықтық кеңес бергені үшін ақы алмайды. Ал адвокаттар керісінше, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесінің негізгі қатысушылары болып табылады және тегін қорғау қызметі үшін бюджеттен ақы алады. Жыл сайын бюджет есебінен тегін адвокаттық көмекті шамамен 150 мың адам алады екен. Бұл жерде тек айыпталушылар ғана емес, ақшасы болмай жатса, қылмыскердің жәбірленушілері де тегін қорғаушыдан үміттен алады. Яғни, адвокат оларға тегін көмек көрсетеді, бірақ бұл көмек үшін мемлекет төлеуі керек. Мемлекет енді «кешенді әлеуметтік заңгерлік көмек» арқылы осы шығынның да бір бөлігінен құтылудың қамын жасауда. Басқаша айтқанда, жаңа заңға сәйкес осы «Pro bono» жүйесі бойынша қазақстандық адвокаттар да бір жыл ішінде белгілі бір сағаттар бойы азаматтарға бюджеттік өтемақысыз, тегін заңгерлік көмек көрсетуі парыз [9]. Егер ол міндетті болмаса, қай адвокат тегіннен тегін сотта қорғау қызметіне уақыт шығындайды? «Адвокатура саласы да әлеуметтік жауапкершілігін паш етуі қажет. Шетелде қоғам өкілдерін тегін әрі табысты қорғайтын адвокаттар сол қоғамда үлкен беделге ие болады. Бұл – оның жарнамасы және жаңа клиенттерді тарту жолы болып саналады. Осы жүйе бойынша адвокат қорғауға зәру адамның ісін басынан аяғына дейін тегін жүргізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (10.03.2017 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 3 Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы: Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 4 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 177-VI ҚРЗ Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 5 Балабиев Қ. Қазақстан Республикасының адвокатурасы: оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2013. - 84 б.
- 6 Алауханов Е.О. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет: оқулық. - Алматы, 2010. - 348 б.
- 7 Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность РК: учебник. - Алматы: Дәнекер, 2012.
- 8 Алауханов Е.О., Садықов А.Ж. Адвокат - қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі: монография. – Алматы: ТООП, 2009.
- 9 Мейірбекова Г. Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаты қызмет: оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 2012. - 208 б.

РЕЗЮМЕ

Сарыкулов К.Р., кандидат юридических наук, доцент
E-mail: kurman_sr@mail.ru
Костанайская академия МВД Республики Казахстан им Ш. Кабылбаева

Еликбай М.А., кандидат юридических наук
E-mail: max_elikbai@mail.ru

Сарсенова М.А., магистр юридических наук
E-mail: muldir.1987@mail.ru
Южно-Казахстанский государственный университет им М. Ауезова

АНАЛИЗ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОБ АДВОКАТУРЕ И ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

В статье проводится анализ норм Закона Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи». Данный Закон направлен на укрепление гарантий конституционных прав граждан на получение качественной юридической помощи, обеспечение верховенства права, установление стандартов и критериев качества в этой сфере, профессиональных принципов и правил. Закон предусматривает, в частности, устранение имущественного барьера в виде

вступительных взносов, упразднение адвокатского ордера, оптимизацию деятельности адвокатуры с помощью современных электронных технологий, которые позволят обеспечить доступ к профессии адвоката, повысить конкуренцию между адвокатами и увеличить их количество. В целях улучшения качественного состава адвокатуры в Законе пересмотрен порядок проведения аттестации и механизм повышения квалификации адвокатов. Для обеспечения представительства регионов в органах управления Республиканской коллегии адвокатов устанавливаются ограничения по срокам нахождения в их составе и порядок их формирования.

Ключевые слова: адвокат, адвокатура, адвокатская деятельность, юридическая помощь.

RESUME

Sarykulov K.R., PhD in Law, docent

E-mail: kurman_sr@mail.ru

Kostanay academy of the IAM of the Republic of Kazakhstan after Sh. Kabylbaev

Elikbai M.A., PhD in Law

E-mail: max_elikbai@mail.ru

Sarsenova M.A., master of law

E-mail: muldir.1987@mail.ru

South Kazakhstan State University named after M.Auezov, Shymkent

ANALYSIS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN LEGISLATION ON ADVOCACY AND LEGAL AID

The analysis of norms of the Republic of Kazakhstan Law "About Lawyer Activity and Legal Aid" is carried out in the article. This law is directed to strengthening the guarantees of citizens constitutional rights for receiving high-quality legal aid, ensuring the rule concerning to law, establishment of standards and criterion of quality in this sphere, professional principles and rules. The law provides, in particular, a property barrier elimination in entrance fees form, abolition of the lawyer warrant, optimization of legal profession activity by means of modern electronic technologies, which access to the lawyer's profession will allow to provide, will increase the competition between lawyers and will be increased by their quantity. For improvement a qualitative structure of legal profession in the law the order of carrying out certification and the mechanism of lawyers professional development is reconsidered. For providing regions representation in governing bodies of Republican Bar restrictions on stay terms in their structure and an order of their formation are set.


Keywords: lawyer, advocacy, lawyer activity, legal aid.



Г.Б. Қаржасова
PhD докторы
E-mail: GKB24@mail.ru



Д.У. Балгимбеков
заң ғылымдарының кандидаты,
профессор



К.А. Байкенжина
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент
E-mail: baikenzhina.kulbagila@mail.ru

Қазтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық университеті

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекетінің тәртібі мен ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекетінің тәртібі мен ерекшеліктері зерттеледі.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен қатар қылмыс нәтижесінде келген зиянның орнын толтыру — құқық қорғау органдарының бүгінгі таңдағы басты міндеттерінің бірі. Сондықтан қылмыспен келтірілген залалдың орнын толтыру тәжірибеде күрделі мәселеге айналып отыр, нақтырақ айтсақ, оның ішінде тікелей залалдың орнын толтыратын механизм мүлікке тыйым салу институты. Осыған орай мемлекет тұлғаларға қылмыстық іс жүргізу міндеттерін орындауды жүктесе, мемлекетте өзінің кезегінде қылмыспен келтірілген залалдың орнын жәбір шеккендерге толтыруға кепіл береді. Бұл кезде қылмыстық сот өндірісінде мүлікке тыйым салу институты азаматтардың құқықтарын меншікке байланысты қорғаудың басты кепілі болып табылады.

Тақырып аясында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекетінің түсінігі мен мәні, тәртібі, қылмыстық жолмен табылған мүліктерге тыйым салу ерекшеліктері талқыланған.

Түйін сөздер: мүлікке тыйым салу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, зиян, зиянның орнын толтыру, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, мәжбүрлеу шаралары.

Жанадан қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі - азаматтардың барлық жеке мүліктік меншігін қорғай отырып, қоғамдық ережелерді қамтитын құқық нормаларының жиынтығын белгілейді және қылмыспен келген мүліктік зиянның орнын толтыру жолдарын реттеп отырады. Осы құқықтық институтты жүзеге асырмайынша қылмыстық іс жүргізу мақсаттарын толығымен шешу, оның ішінде мүліктік зиянның орнын толтыру мүмкін емес. Сондықтан, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен қатар қылмыс нәтижесінде келген зиянның орнын толтыру - құқық қорғау органдарының бүгінгі таңдағы басты міндеттерінің бірі.

Қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шаралары, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектемейтіндіктен, олардың заңдылығымен негізділігін қамтамасыз етуші, іс жүргізудегі қатаң кепілдіктерді қолдана отырып жүргізілуі керек. Қылмыстық сот ісін жүргізу мақсаттарына, азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау арқылы тиісті мақсатқа қол жеткізу, қылмысты уақытылы ашу көзделген.

Қылмыстық іс жүргізу әдебиетінде күштеудің мәні, оның қарама-қарсы мағынасы бар, қос категориямен, сәйкестендіру жолымен анықталады. Мәжбүрлеу қылмыстық процесте тұлға еркіндігін қандай да бір формада әрқашанда шектейді. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларына қолданылатын ғылыми жіктеудің маңызы оның бір уақытта барлық зерттелетін нәрселерді қамту мүмкіндігінде.

Сонымен қоса, олардың әрқайсысының тұрған жерін ғана емес, олардың бір-бірімен байланысын қалыптастырады. Олардың ішкі заңдылықтарын ашады.

Процессуалдық әдебиеттерде процессуалдық мәжбүрлеу шаралары әр автордың әр түрлі көзқарастарымен топтастырылады. Мысалы, А.Н. Ахпанов: «Сот және тергеу органдарына алып келуге бағытталған шақыртумен алып келу түріндегі шаралар; тінту және алу, куәландыру; айыпталушының қызметі бойынша жаңа қылмыстарды жасаудың алдын алатын шаралар; қызметіне шеттету; соттық талқылау тәртібін қамтамасыз ететін шаралар – тәртіп бұзушыларды сот мәжілісі залынан шығару, айып салу; азаматтық талапты қамтамасыз ету бөлігіндегі сот үкімін орындауды қамтамасыз ететін шаралар; мүлікке тыйым салу; айыпталушының алдын - ала тергеуде және сотта болуын қамтамасыз ететін шараларды көрсетуде».

Қылмыспен келтірілген зиянның орнын толтыру түсінігі мен сипаттамасы жөнінде атүсті қарастырылуы біздің ойымызша оған аз көңіл бөлінгендік болып саналар еді. Зиянның орнын толтыру түсінігі зиян деген сөздің өзімен байланыстырыла зерттелуі тиіс. Жалпы зиян деген сөздің өзі бұзу, жамандық көрсету, қынжылту, денсаулығына зардап келтіру, біреуді жәбірлеу, белгілі азаматты шығынға ұшырату және осындай тағы басқа да мағыналарды білдіреді екен [1, б. 83].

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:

Осыған сәйкес, құқық қорғау органдарының қылмыстық іс жүргізу барысында зиянның орнын толтыру шараларын жүргізіп, оны қайтару әдістерін қолдану жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Бұл әдістер мына төмендегіше болуға тиіс:

1. Зиянның көлемі мен сипатын анықтау, оны дәлелдеу.
2. Заңды тұлғалар мен жеке азаматтарға зиян келуіне байланысты оларды азаматтық талапкер ретінде тану.
3. Қылмыстық кодекспен тыйым салынған әрекетпен зиян келтірген субъектілерді азаматтық жауапкер ретінде тану.
4. Ұрланған заттарды іздеу және оларды алу.
5. Тергеу барысында алынған мүліктерді мемлекет органдарына тапсыру немесе тиісті деп тапқан жағдайда заңды иелеріне қайтару.
6. Күдіктіге айыпкерлерге (азаматтық жауапкерлерге оның туыстарына) қылмыс барысында келтірген зиянның орнын өз еркімен толтыруын ескерту. Қылмыспен келтірілген зиянның орнын толтыруға арналған (ақша және бағалы заттарды) анықтау, оларды процессуалдық жолмен алу.
7. Мүлікке тыйым салу әрекетін жүргізу.
8. Тыйым салынған мүліктерді жауапкершілікпен сақтау жөнінде азаматтарға ескертіп бұл жөнінде олардан қолхат алу.

Материалдық зиянның көлемі мен сипатын анықтау барысында көбінесе оның сол жасалған қылмысқа байланысты және оның қоғамға қауіптілігіне басты назар аударылады. Соған байланысты, А.П. Рыжаков «Қылмыспен келген зиянның көлемі мен сипатын толық анықтамас бұрын, ең алдымен қылмыстың болған-болмағандығын немесе қандай қылмыс болғанын білуіміз керек. Қылмыстық кодекстің негізгі бөлімінің баптарына сәйкес қандай әрекеттердің қылмысқа жататындығын анықтап алуымыз (мысалы, жол көлік оқиғасынан болған жағдайдан ауыр зардаптың келуі)», дейді [2, б. 41].

Сонымен қатар мүлікке тыйым салу институты маңыздылығының жүзеге асырылу жолдарын қарастыру. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделініп отыр:

- ҚР ҚПК сәйкес мүлікке тыйым салу институтының ұғымын және маңыздылығын анықтау;
- мүлікке тыйым салуды тарихи тұрғыда қалыптасуын зерттеу;
- ҚР ҚПК сәйкес мүлікке тыйым салудың мақсаттары ретінде азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар және мүлікті тәркілеудің ұғымын, айырмашылықтарын және маңыздылықтарын анықтау;
- ҚР ҚПК сәйкес мүлікке тыйым салудың процессуалдық тәртіптерін анықтау;
- ҚР ҚПК сәйкес жәбірленушіге келтірілген залалды тиімді өтеуге бағытталған механизмнің ұғымы және түсініктерін зерттеу.

Зиянның көлемі мен сипатын дәлелдеуге нақтырақ тоқталатын болсақ, бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 113-бабына [3] сәйкес қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлардың бірі - жасалған қылмыстың зардаптары және қылмыспен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері болып табылады. Сондықтан қылмыс нәтижесінде келген зиянның көлемі мен сипатын анықтап алмай, қылмыстың болғанын немесе болмағандығын және қандай қылмыс жасалғанын толық біле алмаймыз. Осыдан, дәлелдеудің элементтеріне зиянның «көлемі және сипатын» жатқызамыз.

Қылмыс нәтижесінде келген зиянның көлемі мен ондағы қайтаруға қойылған соманың көлемі ешкімге күмән келтірмейтіндей болуы тиіс. Бұл жөнінде көптеген ойлар мен пікірталас тудыратын көзқарастар бар. Бұл жерде жалпы зиянның сипаттамасы мен көлемін анықтау жолдары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 168-бабына сәйкес азаматтық, еңбек және басқа заңдардың нормаларында белгіленеді.

Аталмыш қылмыстық-құқықтық көзқарастағы мәселелерді қарастыратын болсақ, мыналар анықталуы тиіс:

- қылмыстың болғандығын анықтау және оған баға беру;
- қылмыс құрамының бар-жоқтығын анықтау, олардың сатыларын тексеру (біреудің өміріне қастандық жасалмақшы, оқталу болды ма немесе аяқталған қылмыс болды ма);
- кінәлінің жағдайын жеңілдететін әрекеттерді қарастыру, жәбірленушіге қылмыс нәтижесінде келген мүліктік және моральдық зиянның орнын өз еркімен толтыру, жабу, қайтару және басқа да жолдарын анықтау.

Сонымен, тергеу барысындағы зиянның көлемін анықтау үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында келесі мәселелер анықталуы тиіс:

1) жәбірленушіге күш көрсетілгені, моральдық немесе мүліктік зиян келгендігін растайтын құжаттар (куәгерлердің көрсетуі, маманның, дәрігердің, сарапшының, тағы басқалардың айқындайтын құжаттары);

2) қашан, қандай жағдайда және қандай әрекеттермен немесе әрекетсіздікпен мүліктік зиян келгендігін, дәлдемелерді анықтау;

3) зиян келтірген адамның міні, себебі, неліктен, немен, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеттерін тексеру.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жәбірленушінің қайтарылуға тиісті мүлкін қалай бағалайтындығын анықтау керек. Жалпы зиянның құнын есептеп, шығарылатын баға азаматтық талаптағы қойылған талапқа сәйкес, соттың талқылануында қаралу керек.

Қылмыстық істі тергеу барысында қылмыскерлердің қоғамға немесе жеке азаматтарға материалдық зиян келтіргені анықталса, тергеуші жауапты адамдардан зиянның орнын толтыруға бағытталған шараларды жүргізуге міндетті. Мұндай шаралардың бірі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына сәйкес көрсетілгендей мүлікке тыйым салу әрекеті болып табылады. Осыған орай, бұл мәселеге профессор А.Н. Ақпанов мүлікке тыйым салу және оны жазу әрекеті азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатындағы заңның арнайы ретіндегі әрекет деген тұжырым жасаған.

Аталмыш мәселеге байланысты Ю.Д. Лившиц, мүлікке тыйым салу әрекетін дұрыс, толық және уақытылы жүргізілу керек, сол жағдайда ғана қылмыспен келген зиян қайтарылатындығына үміт күтуге болады. Кей жағдайларға байланысты мүлікке уақытылы және оған толық тыйым салмағандықтан жәбірленушіге келген зиянның орнын толтыру мәселесі іске асырылмай жатады, деп көрсетеді [4, б. 58].

Ал, А.Н. Зубарев және В.Н. Косаревтің айтуынша, қылмыстық іс қозғалмай тұрып жүргізілген процессуалдық шаралар мүлікке тоқтам салу зиянның орнын толтыру барысындағы маңызды әрекеттің бірі болып табылады [5, б. 69].

Осы айтылған пікірлер мен көзқарастарға қосыла отырып, оны тұжырымдай келе, қылмыстың әсерінен келген зиянның орнын толтыруда азаматтық талаптың орындалуына себебін тигізетін және оның толық орындалуын қамтамасыз етудегі негізгі шараның бірі - мүлікке тыйым салу әрекеті болып табылады деп есептейміз.

Бұл мәселеге байланысты біз жүргізген сот-тергеу тәжірибесіне талдау жасау барысында зиянның орнын толтыру мақсатында жүргізілген мүлікке тыйым салу әрекеті қылмыстық істердің тек 15 пайызына ғана қолданылғанын байқадық. Оның ішінде: 1-3 күннің аралығында 10%; 4-9 күннің арасында 3%; 10-20 күннің арасында 15%; 20-30 күннің арасында 25% пайызға жуық мүлікке тыйым салу әрекеттері жүргізілген. Байқап отырсақ, қылмыстық іс қозғалған күн арасы ұзаған сайын жүргізілген мүлікке тыйым салу әрекетінің пайыздық көрсеткіші өсіп отырған. Осы әрекеттерді одан әрі талдау барысында қылмыстық іс қозғалғаннан бастап уақыт өткен сайын тыйым салынатын мүлік азайып, жоғала бастайтындығы да аңғарылды. Біздің пайымдауымызша, зиянның орнын толтырудағы төменгі пайыздың бір себебі осы әрекеттің уақытылы жүргізілмегендігі деп санаймыз.

Зерттеу барысындағы оқып, танысқан қылмыстық істердегі зиянның орнын толтыру мәселесі бойынша азаматтардың 78,6 пайызы азаматтық талап-арыз жазғанымен, ол істердің 36,4 пайыздан астамында мүлікке тыйым салу әрекеті жүргізілген.

Аталмыш мәселеге байланысты З.З. Зинатуллин, тінту тергеу әрекеті болса, мүлікке тыйым салу да осындай түрдегі тергеу әрекетіне жатады, деп көрсетті [6, б. 21]. Әрине, бұл да ойландыратын және қылмыспен келген зиянның орнын толтыру барысындағы тиімді жағдайлардың бірі. Осы қозғалған мәселеге байланысты А.А. Чулиев те мүлікке тыйым салу әрекетін тергеу әрекеттерінің бірі деген пайымдау жасайды.

Осы пайымдауларға байланысты В.А. Азаровтың берген тұжырымдамасы қарама-қарсы көзқараста болып отыр. Өйткені, оның берген тұжырымы бойынша тергеу әрекеттері дәлелдемелер жинау мақсатында жүргізілсе, мүлікке тыйым салу да сол дәлелдемелерге хаттама толтыру әрекеттері және міндетті түрдегі айғақтардың қатысуымен жүргізіледі деп көрсетеді [7, б. 39].

Осындай айтылған кейбір заңгер-ғалымдардың көзқарастарын қарастырып, оның ішінде мүлікке тыйым салу әрекеті жөнінде айтылған қарама-қарсы көзқарасты Б.Т. Безлепкин де қолдай

отырып, мүлікке тыйым салу әрекетін қылмыспен келген зиянның орнын толтыру мақсатындағы азаматтық талапты қамтамасыз ету үшін жүргізілетін процессуалдық әрекет ретінде есептейді [8, б. 10].

Аталмыш мәселеге байланысты тергеу әрекетінің мазмұнын анықтап алсақ, Қ.Ө. Ташибаевтың тұжырымы бойынша, тергеу әрекеті дегеніміз - тергеушінің алдын-ала тергеу жүргізу және қылмыстық істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша жаңғырту сатыларында, іс бойынша ақиқатты (шындықты) анықтауға арналған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінде көрсетілген ережелермен жүргізілетін, дәлелдемелер тауып, жинауға бағытталған жұмысы болып табылады [9, б. 59].

Осыған сәйкес, тергеу әрекеттері дәлелдемелерді іздеу, бекіту, зерттеу және оған баға беру мақсатында жүргізіледі. Ал мүлікке тыйым салу әрекеті тек, азаматтық талапты немесе зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету мақсатында мәжбүрлеу, ықтиярсыз көндіру арқылы және мүлікке тыйым салынғандығы жөніндегі хаттама толтырумен шектеледі.

Жоғарыда көрсетілген пікірлермен, көзқарастармен толығымен, кейбір жағдайда ішінара (В.Г. Власенко мен З.З. Зинатулин) келісе отырып, мүлікке тыйым салу әрекеті процессуалдық әрекет болып саналады демекпіз. Ол зиянның орнын толтырудағы азаматтық талапты қамтамасыз ету барысындағы мүлікті тәркілеуге арналған және үкімді орындау мақсатындағы жүргізілетін әрекет болып табылады.

Аталмыш мәселе, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі қабылданғанға дейін бұрынғы Қазақ КСРО Қылмыстық істер жүргізу кодексінде басқаша болып, атап айтқанда, мүлікке тыйым салу әрекеті тергеу әрекеті болып келді. Сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексіне сәйкес мүлікке тыйым салу, процессуалдық әрекет болып табылады.

2014 жылғы 4 шілдедегі жаңа қылмыстық-процестік кодекстің қабылдануы осы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекеттің бірі болып қала беруде. Осыған байланысты, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеуші кімдердің мүлкіне және қандай мүлікке тыйым салады деген сұрақты анықтайтын болсақ, ол былайша болады:

- күдіктінің немесе айыпкердің мүлкіне;
- мүлікке заң бойынша материалдық жауапкершілік артқан күдіктінің немесе айыпкердің мүліктеріне;
- күдіктіден немесе айыпкерден сол ұрланған мүлікті сатып алған азаматтардың мүлкіне тыйым салынады.

Құқық тәртібі негізінен мемлекет күшімен сақталатыны белгілі және мемлекет қызметі барлық басқа да қылмыстық құбылыстың алдын алудағы жасайтын әлеуметтік субъектілермен салыстырғанда ауқымды, терең және пәрменді болуы қажет. Осыған орай жаңадан қабылданған заңнамалар осының айғағы. Қарастырып отырған тақырыпқа байланысты қылмыстық процестік кодекстің 161 бабына сәйкес мүлікке тыйым салу оның меншік иесіне немесе иеленушісіне арналған, осы мүлікке билік етуге, ал қажет болған жағдайларда оны пайдалануға тыйым салудан не мүлікті алып қоюдан, оны сақтауға беруден тұрады және мәжбүрлеу шараларының бірі болып табылады.

Мүлікке тыйым салу негіздемелері күдіктінің, айыпталушының тыйым салынатын мүлікті жасыруы, бұлдіруі немесе жойып жіберуі мүмкін деген негізді дәлелдемелер болып табылады. Мүлікке тыйым салуды сипаттағанда, оның орнын анықтағанда ең алдымен тергеу әрекеті мен өзге де процессуалдық әрекет ұғымдарын, мақсаттарын бір бірінен айырмашылықтарын білуіміз керек. Осыған орай көптеген пікір таластар мен ғалымдардың көзқарастарын қарастыруға да болады. Мүлікке тыйым салуды кейбіреулері қылмыстық іс жүргізу кезінде атқарылатын барлық әрекеттерді тергеу әрекеті ретінде қарастырады.

Мүлікке тыйым салуды сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында ҚПК-тің талаптарына сай қылмыстық іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтауға нақтылы деректерді табуға, оларды бекітуге бағытталған тергеушінің процессуалдық әрекеттерін тергеу әрекеті деп атаймыз. Тергеу әрекеті анықтау және іздеу сияқты ең негізгі элементтерден тұрады. Әрбір тергеулік әрекет белгілі бір әдістерді қолданады: сұрау, салыстыру, өлшеу, эксперимент, сипаттау, т. б.

Тергеу әрекетін өзге процессуалдық әрекеттерден айыратын ең басты айырмашылық олардың мақсаттарында. Тергеу әрекетінің ең негізгі мақсаты дәлелдемелерді жинау және тексеру болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу әрекетінің негізгі мақсаты қылмыстық іс жүргізу заңдарында көрсетілген белгілі бір талаптарды, тәртіптерді орындауға бағытталған процессуалдық әрекет деп те түсінуге болады.

Қарастырылып отырған іс жүргізушілік мәжбүрлеудің осы шаралары мынадай мақсаттарда қолданылады:

1. Азаматтық талапқа байланысты үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін. Заң мәжбүрлеудің бұл шарасын қолданылуын азаматтық талаптың болуымен байланыстырады. Сондықтан, азаматтық талап қойылмаған болса, мүлікке тыйым салуға болмайды.

2. Басқа да мүліктік өндіріп алудың орындалуын қамтамасыз ету үшін.

3. Сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында қылмыстық әрекет жолмен алынған немесе қылмыстық жолмен жиналған мүліктің болуы мүмкін тәркілеуді қамтамасыз ету үшін.

Қылмыстан мүліктік, моральдік зиян шеккен жәбірленуші оны өтеу туралы азаматтық талап қоюға құқығы бар. Қылмыстық сот өндірісі, қылмыстардан зардап шеккен тұлғалар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тиісті болғандықтан, мәлім етілген азаматтық талаптың тағдырына қамқорлық жасауға міндетті. Соңғысы мүліктерді табу және оған тыйым салудан тұрады [10, б. 191].

Егерде, осы ҚПК 119-бабына назар аударса осы дәлелдемелердің қайнар көзіне мүлікке тыйым салу хаттамасы да көрсетілген, яғни мүлікке тыйым салу хаттамасы дәлелдеменің қайнар көзі болып табылады. Енді, неге мүлікке тыйым салу хаттамасы дәлелдемелердің қайнар көзі болып табылатынын талқылап кетейік. Мүлікке тыйым салудың мақсаты азаматтық талапты қамтамасыз ету, мүлікті тәркілеу, басқа да мүліктік жазаларды орындау болып табылады. Осыдан мынандай сұрақ туы мүмкін, егерде мүлікке тыйым салудың мақсаты дәлелдемелерді жинауға бағытталмаған болса, неге заң шығарушы орган оны ҚР ҚПК 119-бабы дәлелдемелердің қайнар көзіне жатқызған деген. Біздің ойымызша мүлікке тыйым салу хаттамасын дәлелдемелердің қайнар көзіне дұрыс жатқызған деп есептейміз, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеуші қылмыстық жолмен табылған айыпталушының мүлкіне тыйым салуға құқысы бар, яғни қылмыстық жолмен табылған мүлік дәлелдеме болып саналады, сонымен қатар мүлікке тыйым салу мәжбүрлеу шарасы болып табылады, тергеулік әрекетке жатпайды, бірақ тергеулік әрекеттің элементтері бар. Іс жүргізудің өзге де мәжбүрлеу шарасы болып табылатынына мыналар себеп:

1. ҚР ҚПК-нің талаптарына сай тергеу әрекеттерінің қатарына жатқызбай, өзге де мәжбүрлеу шараларының қатарына жатқызылған.

2. Мүлікке тыйым салудың мақсаты дәлелдемелерді жинау, бекіту емес керісінше азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар және мүлікті тәркілеуді орындау болып табылады.

3. ҚР ҚПК 191-бабында көрсетілген кідірілмейтін тергеулік әрекеттердің қатарына кірмейді.

4. Шығу тегіне және мақсатына байланысты танушылық қасиеті жоқ, тек қана мүлікті талан-тараждан сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық-нұсқаушылық әрекет.

Тергеулік іс-әрекеттердің аталған белгілерін (танымдылық бағыттылығын) назарға ала отырып кеңестік қылмыстық іс жүргізу ғылымы да дәлелдемелерді табу, бекіту, тексеруге тікелей бағытталған әрекеттер ретінде түсіндіреді.

Жаңадан қабылданған процессуалдық кодексте тергеулік іс-әрекеттердің түсінігін өзгерткен жоқ, оларда қылмыстық іс жүргізу заңдарымен дәлелдемелерді жинау және тексеру жөніндегі қылмыстық істер жөніндегі заңдарға қарастырылған процессуалдық іс-әрекеттер ретінде анықтайды және оларды мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген өкілетті тұлғалар жүргізеді.

Тергеулік әрекеттермен салыстырғанда мүлікке тыйым салудың ерекшеліктері мен өзгешеліктерін ескере отырып, ҚР ҚПК жобасын жасаушылар бұл процессуалдық іс-әрекетті Кодекс жүйесінде орнын дұрыс белгіледі деп есептейміз. 2014 жылы 4 шілдеде жарияланған ҚР ҚПК-нде мүлікті пайдалануға тыйым салу «Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары» 4-бөлімнің 19-тарауында қарастырылған. ҚР ҚПК-нде мүлікті пайдалануда тыйым салу процессуалдық мәжбүрлеу шараларына жатқызылған, оны қолданудың негіздемесі мен тәртібі «процессуалдық мәжбүрлеудің өзге шаралары» деген 19-тараудың ауқымында реттелген. Заңгердің мұндай таңдауы төмендегі бірнеше жалпы қорытындыларды тұжырымдауға негіз береді.

Біріншіден, ҚР ҚПК-нде мүлікті пайдалануда тыйым салу тергеу іс-әрекеті ретінде қарастырылмайды, ол процессуалдық мәжбүрлеу шараларына жатқызылған. Процессуалдық мәжбүрлеу шараларының жүйесі Кодекстің 4-бөлімінде бекітілген тұжырымдаманы есепке алғанда мүлікті пайдалануға тыйым салу процессуалдық мәжбүрлеудің өзге шаралары тобына кіреді.

Екіншіден, заң шығарушы орган жекелеген әдебиеттерде кездесетін мүлікке тыйым салуды қылмыстық іс бойынша азаматтық талап институты шегінде қарастырмаған.

Үшіншіден, мүлікті пайдалануға тыйым салуды алу, тінтуден тыс жүргізуге болатынын және процессуалдық мәжбүрлеудің өз алдына жеке шарасы ретінде қарастырған.

Сөйтіп жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай келе, біз мынандай тұжырымға келеміз:

1) мүлікке тыйым салу шығу тегіне және мақсатына байланысты танушылық қасиеті жоқ, тек қана мүлікті талан-тараждан сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық-нұсқаушылық әрекет, яғни ҚР ҚПК бойынша азаматтық талапты, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде үкімді орындауды қамтамасыз ету болып табылады. Мүлікке тыйым салудың міндеттері дәлелдемелерді жинап, бекіту емес керісінше, заң бойынша көрсетілген мүліктердің сақталуын сот үкімі шыққанға дейін қамтамасыз ету. Мысал ретінде келтіре кетсек, меншікке қатысты қылмыстар бойынша біз мүлікке тыйым салу арқылы дәлелдемелерді таппаймыз, керісінше заң бойынша мүлікті тәркілеу бөлігіне байланысты күдікті, айыпталушының мүлкіне тыйым саламыз, яғни ең басты міндеті күдікті, айыпталушы мүліктерін талан-таражға сал-масын дейміз. Сондықтан мүлікке тыйым салуды тергеулік әрекет емес, өзге де процессуалдық мәжбүрлеу

шарасы ретінде қарастыруымыз керек. Екінші көзқарасты ұстанатын авторларды қолдаймыз;

2) мүлікке тыйым салу мәжбүрлеу шарасы болып табылады, тергеулік әрекетке жатпайды. Бірақ, тергеулік әрекеттердің элементтерін өзінде сақтайды. Бұған уәж ретінде жоғарыда себептерді атап кеттік;

3) қылмыстық істерді жүргізу туралы Заңы бойынша мүлікке тыйым салудың ұғымын былай бере кетуге болады: «Мүлікке тыйым салу дегеніміз — азаматтық талап, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында күдікті, айыпталушы немесе заң бойынша олардың әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүліктерін иемденуге шек келтіретін ерекше қамтамасыздандыру іс жүргізушілік шараларын айтамыз». Мүлікке тыйым салудың ұғымын бергеннен кейін, енді мүлікке тыйым салудың негізін талдап кетсек дұрыс болады.

ҚР ҚПК-нің 161-бабына талдау жасасақ, онда тек мүлікке тыйым салудың мақсаттары ғана (үкімнің азаматтық талап бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету, басқа да мүліктік жазалар, мүлікті тәркілеу) көрсетілген.

Жаңадан қабылданған Қылмыстық-процестік кодексте мүлікке тыйым салу (161-б.), мүлікке тыйым салу тәртібі (162-б.), мүлікке тыйым салуды санкциялау тәртібі (163-б.), мүлікке тыйым салуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту (164-б.) туралы қаулысына наразылық білдіру және шағым жасау жолдары кеңінен көрсетілген.

Мүлікке тыйым салудың негізін заңды тұрғыда бекіткені дұрыс болар еді, себебі мынандай тиімді жақтарды айқындауға болады:

1) қылмыстық қудалау органдарының заңсыз мүлікке тыйым салуды болдырмас еді;

2) мүлікке тыйым салудың қылмыстық сот өндірісінде алатын орнын айқындар еді.

Сондықтан мүлікке тыйым салу негізін ҚР ҚПК-нде былай көрсетіп кетуге болады:

«Мүлкі бар күдікті, айыпталушы немесе өзге тұлғалар мүлікті жасыруы, бүлдіруі немесе талан-таражға салуы мүмкін деуге қылмыстық іс материалдарында толық негіз болса, қылмыстық іс жүргізуші органдар олардың мүлкіне тыйым салуы мүмкін. Егерде, келтірілген зиян үшін азаматтық талап ұсынылмаса және күдіктіге немесе айыпталушыға жасаған қылмысында қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеу санкциясы көзделмесе олардың мүлкіне тыйым салуға болмайды».

Тергеуші талап арыздың түсуін «болжағанда» емес, талап арыз нақты түскенде ғана мүлікке тыйым салу жөніндегі шешім қабылдануы қажет. Сонымен қатар қылмыстық істі тергеу барысында тұлғаға қылмыспен зардап келтіргендігі анықталғаны, бірақ азаматтық талап әлі қойылмаған жағдаяттарды да шеткері шығаруға болмайды. ҚР ҚПК-нің 167-б. 1-бөл. сәйкес азаматтық талап қылмыстық іс қозғалғаннан кейін және соттық тергеу басталғанға дейін қойылуы мүмкін. Заң жәбірленушіге қылмыспен мүліктік зардаптың келтірілген ауқымының орнын толтыруды талап ететіндіктен тергеу орны тиісті шаралар қабылдауға міндетті, ал оның бірі мүлікке тыйым салу болып табылады.

Мүлікке тыйым салу іс жүзінде бұл аталған мәселелер едәуір қиындықтар туындатып, әр қилы шешіледі, іс жүргізетін лауазымды адамдарды және процестің мүдделі қатысушыларын күрделі жағдайға иіктіреді. Осыдан оларды барынша тереңірек зерттей және мүлікті пайдалануға тиым салуды қылмыстық сот жүргізу мәселелерін шешуге процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде қарауды одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ахпанов А.Н. Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования. – Алматы, 1997. - 389 с.

2 Рыжаков А.П. Возмещение вреда, причиненного преступлением. – М., 1999. - 478 с.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ кодексі.

4 Лившиц Ю.Д. Обыск, выемка, наложение ареста на имущество. – М., 1963. – 345 с.

5 Зубарев В.Н., Косарев В.Н. О расширении пределов наложения ареста на имущество // Уголовно-процессуальные и криминалистические проблемы правоохранительной деятельности. – Омск, 1989. – 421 с.

6 Зинатуллин З.З. Возмещение материального ущерба в уголовном процессе. – Казань, 1974. – 376 с.

7 Азаров В.А. Деятельность органов дознания, предварительного следствия и суда по охране имущественных интересов граждан. – Омск, 1990. – 279 с.

8 Безлепкина Б.Т. Имущественные правоотношения в стадии предварительного расследования. – 1976. - 256с

9 Ташибаев Ф.Ө. Қылмыстық іс жүргізу. – Қарағанды, 1997. - 236 с

10 Шадрин В.С. Обеспечение прав личности при расследовании преступлений. - М., 2000. - 191 с.

РЕЗЮМЕ

Каржасова Г.Б., доктор PhD
E-mail: GKB24@mail.ru

Балгимбеков Д.У., кандидат юридических наук, профессор

Байкенжина К.А., кандидат юридических наук, доцент
Карагандинский экономический университет «Казпотребсоюза»

**ПОРЯДОК И ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССУАЛЬНЫХ ДЕЙСТВИЙ НАЛОЖЕНИЯ АРЕСТА
НА ИМУЩЕСТВО В ХОДЕ ДОСУДЕБНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ**

В статье изучаются порядок и особенности процессуальных действий при наложении ареста на имущество в ходе досудебного расследования.

Защита прав и свобод граждан, а также возмещение ущерба, причиненного преступлением, является одним из главных задач правоохранительных органов на сегодняшний день. Поэтому на практике возмещение ущерба, причиненного преступлением, становится серьезной проблемой, а именно, компенсирующий механизм, институт наложения ареста на имущество. В этой связи государство гарантирует лицам возмещение ущерба, причиненного преступлением. При этом институт ареста на имущество в уголовном судопроизводстве является главной гарантией защиты прав граждан, связанных с собственностью.

В рамках темы обсуждались: понятие, сущность, порядок процессуальных действий по аресту имущества в ходе досудебного расследования, особенности наложения ареста на имущество, добытое преступным путем.

Ключевые слова: наложение ареста на имущество, защита прав и свобод граждан, вред, возмещение вреда, досудебное расследование, принудительные меры.

RESUME

Karzhassova G.B., PhD
E-mail: GKB24@mail.ru

Balgimbekov D.U., PhD in Law, professor

Baikenzhina K.A., PhD in Law, associate professor
Karaganda Economic University "Kazpotrebsoyuz"

**PROCEDURE AND FEATURES OF ACTIONS, THAT IMPLY IMPOSING ARREST
ON PROPERTY DURING PRE-TRIAL INVESTIGATION**

Today the protection of rights and citizens freedom, as well as compensation for damage caused by a crime is one of the main tasks of law enforcement agencies. Therefore, compensation for damage caused by a crime in practice becomes a serious problem, namely, a mechanism, that compensates for direct damage, including the institution of property seizure. In this regard, the state guarantees to individuals the compensation for damage caused by the crime, in turn, the compensation for damage caused by the crime. At the same time, the institution of property arrest in criminal proceedings is the main guarantee for citizens rights protection in connection with property.

The concept and essence, the procedure to seize property during pre-trial investigation, specifics of arresting property obtained by criminal means were discussed within the article.

Keywords: prohibition of property, personal property, protection of rights and citizens freedom, harm, redress, pre-trial investigations, compulsory measures.



Н.А. Жұманбаева

заң ғылымдарының кандидаты
E-mail: nonna.aldabergen@mail.ru

«Тұран» Университеті
Алматы қ.



Е.Е. Серімов

заң ғылымдарының кандидаты
E-mail: mr.serim@mail.ru

«Болашақ» академиясы
Қарағанды қ.

Сотта алқабилердің қатысуымен өтетін іс жүргізудің кейбір мәселелері

Аңдатпа. Мақала алқа билер институтына арналған. Алқа билер институты Қазақстанда 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілгені белгілі, ҚР Конституциясының 75-бабында алқабилердің қатысуымен қылмыстық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру қарастырылған. Сот жүйесіне алқа билер институтының енгізілгені адамдардың тағдырын шешетін, елдің алдында әділеттілікті, шынайы төрелік пен билікті паш ететін бірден бір құбылыс болғаны белгілі. Ол соңғы жылдары бүтіннің екі жағындай ғылыми және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеніп, оның өзекті мәселелері, негізгі өлшем-бағыттары айқындала түсті. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі бұл институтының негізгі проблемаларына арналған зерттеу еңбектер көптеп жарық көріп, олардың негізгі тұжырымдары мен қорытындылары, келелі ой пайымдаулары іс жүзінде өзіне тиісті лайықты орын алуда, олардың берері мол қомақты ой түйіндері ұлттық сот жүйесін өткенмен салыстырғанда, бір саты болса да, жоғары көтеріп тастағаны тағы да шындық. Мақаланың арқауы – алқабилер туралы сөз еткенде, авторлар енгізілген алқабилер соты елімізде қалыптасқан сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысын жақсартуға, істі қарау сапасын жоғары деңгейге көтеріп, процестің формальды емес, шын мәнінде тараптар бәсекелесі жағдайында өтуіне көп ықпалын тигізетінін сөз етеді.

Түйін сөздер: құқық, сот, судья, сот жүйесі, реформа, би, алқа би институты, қылмыстық процестік құқық.

Қазақстанның қылмыстық-процестік құқығы үшін алқабилер мүлдем белгісіз ұғым емес. Белгілі ғалым М.А. Пакирдинов әділ баға бергендей, біздің елімізде халық өкілдерінің сот әділдігін орнатуға араласуының тарихи тамырлары бар. Қазақ қоғамында сот билігінің басында халық сайлайтын билер тұрған. Би дәрежесі өзі шешен, қарапайым құқық нормаларына қатысты терең білімі бар және қоғамда талассыз беделге ие адамдарға ғана берілген [1, б. 31].

Құқық дамуының кеңестік кезеңіне тән болған халық заседательдері институтына қатысты айтатын болсақ, ол Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚПК), сондай-ақ өзге одақтық республикалардың ҚПК-терінде қарастырылған еді.

Қазақстан Республикасында алқабилер институты ҚР ҚПК-не 13 «Істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу» дербес бөлімін (542-577 б.б.) енгізу арқылы 2006 ж. 16 қаңтардағы (№122-III) Заңымен енгізілген. Аталмыш бөлім 2007 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енді. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа ҚР ҚПК-нің қабылдануымен бірге заң шығарушы алқабилер институтын сақтап қалды. Тиісті құқықтық қатынастар 630,666 - баптарды қамти отыра, 14 бөлім ережелерімен реттеледі.

Бірақатар зерттеушілер, зерттелетін ұғымның анықтамасын тұжырымдағанда, заң шығарушы қабылдаған формуланы ескермейтін анықтама мәнін

негізге алады. Мұндағы меңзелетін жайт, заң шығарушы ҚПК-да істер бойынша «**алқабилердің қатысуымен**» іс жүргізуді атап көрсетеді, ал ғылыми және анықтамалық әдебиетте қарастырылып отырған объект «**алқабилер соты**» деп аталады. Келтірілген формулалардың әрқайсысы жеке мазмұнға ие деп болжамдау үшін негіз бар, олар бірін-бірі алмастырмайды.

Осылайша, В.М. Савицкий мен А.М. Ларин мынадай анықтама береді: «Алқабилер соты – қылмыстық істерді сотта талқылаудың ерекше нысаны. Оның мәнісі кездейсоқ, жеребе бойынша таңдалған 12 алқаби сотта қарастырылған дәлелдемелер негізінде өздігінен, кәсіби судьяның қатысуынсыз сотталушының кінәлі немесе кінәсіз екендігі туралы кесім шығаратындығына, ал судья, кесімді басшылыққа алып, үкім шығаратындығына негізделеді» [2, б. 168]. В.К. Бобров ұқсас анықтама береді: «Алқабилер соты – бұл кәсіби судьядан және он екі алқабиден тұратын соттың қылмыстық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асырудың ерекше нысаны. Оның мәнісі алқабилер, сотталушы кінәлілігінің төрешісі бола тұра, жарыспалылық сот талқылауының барысында қарастырылған дәлелдемелерді негізге ала отырып, кесімді шығару арқылы шешім шығаратындығында жатыр. Ал судья алқабилер алқасының шығарған кесімінің заңдық салдарын анықтайды, жаза, оның түрі және көлемі немесе сотталушыны ақтау туралы шешімді шығарады және азаматтық талапты шешеді» [3, б. 148].

«Алқабилер» ұғымының энциклопедиялық анықтамасы келесідей: бұл халықтың сот әділдігін жүзеге асыруға тікелей қатысу қағидатын іске асыратын сот жүйесінің ең демократиялық институттарының бірі [4, б. 597]. Қазақстанның қылмыстық-процестік құқығына қатысты айтатын болсақ, алқабилер соты туралы емес, алқабилердің қатысуымен өтетін сот туралы сөз қозғаған жөн. Және бұлай деудің себептері де бар:

1) таңдамалы соттылық. Қылмыстық істердің барлығы дерлік алқабилердің қатысуымен өтетін сотпен қарастырылмайды (ҚР ҚПК-нің 631-б.);

2) алқабилер алқасы шығаратын кесім жеткілікті сипатқа ие емес және үкімді ауыстырмайды. Әрекеттің саралануын судья өзі ғана анықтайды. Үкімді төрағалық етуші, яғни кәсіби судья алқабилердің қатысуынсыз шығарады;

3) үкімді шығару кезінде заңмен көзделген мәселелердің бір бөлігі ғана алқабилердің қатысуымен жасырын дауыс беру арқылы шешіледі (ҚР ҚПК-нің 656-б.);

4) ҚР Конституциясының 75-бабында алқабилер сотының емес, алқабилердің қатысуымен қылмыстық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру қарастырылған. Жоғары заңдық күшке ие Негізгі заңның ережелері алқабилер сотының емес, алқабилердің қатысуымен болатын сот институтын мойындаудың ережелерін анықтаушы нақты айғақ болып табылады.

Литва Республикасында алқабилер сотына мүше болып кез келген тұлғалар қатыса алмайды. Алқабилер болып ең алдымен заң саласынан хабары бар немесе арнайы білімі бар адамдар ғана шақырылады. Тек осыдан кейін ғана алқабилер сотына мүше болушы тұлғалардың мұғалім, тәрбиеші, т.б. әлеуметтік мәртебесі мен тәжірибелік деңгейі ескеріледі [5, б. 137].

Қылмыстық істер бойынша алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізудің негізі ҚПК-нің 630-бабында қарастырылған.

Іс материалдарын сот отырысына дайындау алдын ала тыңдау процесінде жүзеге асырылады. Сотта алқабилердің қатысуымен мүмкін болатын істерді қарау бойынша алдын ала тыңдау міндетті болып табылады.

Алдын ала тыңдау рәсімінің келесідей ерекшеліктері бар:

1) осындай тыңдауды судьяның жеке өзі өткізуді;

2) сотталушылардың міндетті түрде қатысуы. Бұл жағдай іс бойынша екі немесе одан да көп айыпталушы болған жағдайларда, және де олардың кемінде біріне қатысты істі сотта алқабилердің қатысуымен қарастыру үшін негіз болған жағдайларда барлық сотталушылар алдын ала тыңдауға қатысуы тиіс екендігін білдіреді;

3) мемлекеттік айыптаушының, сотталушының қорғаушысының қатысуы;

4) мемлекеттік айыптаушының айыптау актісін жариялауы;

5) соттың сотталушыға айыптаудың мәні түсінікті екендігін анықтауы, қажет болған жағдайда, айыптаудың мәнін түсіндіруі;

6) соттың сотталушының өзінің істі алқабилердің қатысуымен қарастыру туралы өтінішхатын растауын анықтауы;

7) сотталушының істі алқабилердің қатысуымен қарастыру туралы өтінішхаты болмаған жағдайларда – алдын ала тыңдау процесінде сотталушыға осындай өтінішхатты беру құқығын түсіндіру судьяның міндеті;

8) сотталушының өтінішхатты жазбаша, сондай-ақ ауызша түрде беру мүмкіндігі. Ауызша өтініш сот отырысының хаттамасына енгізілуі тиіс, жазбаша арыз – іске қоса тіркеледі;

9) соттың сотталушының істі алқабилердің қатысуымен қарастыру туралы өтінішхатын қанағаттандыруы, өзге өтінішхаттарды қарастыруы;

10) қажет болған жағдайда іс материалдарын дәлелдемелер ретінде жіберілетіндігіне қатысты тексеру үшін осы материалдарды алдын ала тыңдау кезінде жария ету мүмкіндігі;

11) сотталушының ұстанымының өзгеруіне байланысты соттың істі алқабилердің қатысуымен

қарастыру туралы сот қаулысын қайта қараудың мүмкінсіздігі. Бұл, сотталушының өзінің алдын ала берген өтінішхатынан бас тартуынан тәуелсіз, соттың осындай қаулысы одан әрі қайта қарауға жатпайтындығын білдіреді.

Судья алдын ала тыңдау қорытындысы бойынша ҚПК-нің 322-327-баптарында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды. Істі алқабилердің қатысуымен қарайтын басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда судья қарастырылып отырған қылмыстық іс бойынша сотқа шақырылуы тиіс алқабилікке қатысты кандидаттардың санын анықтайды.

ҚР ҚПК-нің 637-б. 2 бөл. сәйкес, мұндай кандидаттардың саны кемінде жиырма бестен кем болмауы тиіс.

Алқабилің құқықтық мәртебесі, қылмыстық істі қарауға қатысу кезінде осы құқықты қамтамасыз ету тәртібі, сотқа келуге және оның кәсіби (еңбек) қызметімен байланысты болған шығындарды өтеу, алқабилікке кандидаттардың тізімін ұйымдастыруға және жасауға қатысы басқа да өзге мәселелер «Алқабилер туралы» ҚР Заңымен (2006 жылғы 16 қаңтардағы) реттеледі. Алқабилікке кандидаттардың жалпы тізімін қалыптастыруды аумақтық белгі бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Бұл тізімдер жылдық деп аталады, себебі олардың жаңартылуы көші-қонды, табиғи кемуді және өзге де демографиялық процестерді, сондай-ақ азаматтардың алдыңғы жылы алқабилер ретінде сотқа қатысуын ескере отырып жыл сайын жасақталады. Кандидаттардың тізімдері бірыңғай және қосалқы болып бөлінеді.

Басты сот талқылауы басталғанға дейін судья алқабилікке кандидаттарды алдын ала іріктеуді жүзеге асырады. Бұл іріктеу ағымдағы жылға арналған бірыңғай және қосалқы тізімдерге енгізілген адамдардың санына қатысты кездейсоқ сипатқа ие болады. Заң азаматтардың алқабилер ретінде сотта істі қарауға қатысуына жылына бір реттен артық болмайтындай шектеу белгілейді.

Кездейсоқ іріктеуді жүргізгеннен кейін алқабилікке кандидаттардың алдын ала тізімі жасалады. Тізімде келесі деректер міндетті түрде көрсетіледі: тегі, аты, әкесінің аты, үйінің мекен-жайы. Тізімге сот отырысының хатшысы қол қояды.

Алдын ала тізімге қосылған алқабилікке кандидаттардың сотқа қатысуын қамтамасыз ету үшін олардың мекен-жайларына тиісті хабарламалар жіберіледі. Хабарламалар кандидаттарға басты сот талқылауы басталғанға дейінгі жеті тәуліктен кешіктірілмейтін мерзімде табысталуы тиіс. Хабарламада сот отырысының мезгілі (күні, айы, жылы), отырыстың басталатын уақыты (сағат), сондай-ақ соттың мекен-жайы көрсетіледі. Хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

Алқабилікке кандидаттардың алдын ала тізімі олардың сандық құрамын онға дейін жеткізу мақсатында одан әрі іріктеуден өтеді – бұл негізгі деп аталатын тізім, содан соң қосымша екі адам іріктеледі – бұл қосалқы тізім. Бұл іріктеу басты сот талқылауының бастапқы әрекеттері жүргізілгеннен кейін іске асырылады.

Басты сот талқылауының басталуы жалпы ережелер бойынша өтеді, кейін төрағалық етуші судья алқабилікке кандидаттарды одан әрі іріктеуге кіріседі. Алдын ала тізімді он екі адамға дейін (оны негізгі тізімнен және екеуі қосалқы тізімнен) жеткізу одан әрі іріктеу арқылы жүзеге асырылады, бұл іріктеме төрт кезеңнен тұрады:

- **бірінші кезең** – төрағалық етушінің алқабилерге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы (ҚР ҚПК-нің 640-б.);

- **екінші кезең** – өздігінен бас тарту туралы мәселелерді шешу (ҚР ҚПК-нің 641-б.);

- **үшінші кезең** – алқабилерге кандидаттарға қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу (ҚР ҚПК-нің 642-б.);

- **төртінші кезең** – алқабилерге кандидаттарға уәжсіз қарсылық білдіру (ҚР ҚПК-нің 643-б.).

Алқабилерді іріктеуді жүргізу жөніндегі барлық әрекеттер сот отырысының хаттамасына енгізіледі, ал алқабилер алқасының құрамына қосылған азаматтардың тектері көрсетілген билеттер іс материалдарына қоса тіркеледі.

Алқабилер алқасы олар үшін сот залында арнайы бөлінген орындарға жайғасады. Олар мәтіні ҚР ҚПК-нің 646-б. 2-бөл. бекітілген антты қабылдағаннан кейін олардың сот талқылауына тікелей қатысуына рұқсат беріледі.

Алқабилердің ант қабылдау рәсімі сот отырысының хаттамасында қамтылып көрсетіледі.

Алқабилер ант қабылдағаннан кейін төрағалық етуші оларға ҚР ҚПК-нің 647-б. толықтай реттелген олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Алқабилер келесі құқықтарға ие:

1) істің мән-жайларын өзінің ішкі наным бойынша өз бетінше бағалау және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беру мүмкіндігін алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жергілікті жерді және үй-жайларды тексеріп-қарауды жүргізуге, сот тергеуіндегі барлық басқа да әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты өзіне түсініксіз басқа мәселелерді түсіндіруді сұрап

өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға.

Айта кетерлік жайт, ҚПК-те бұл құқықтар тек негізгі құрамның алқабилеріне қатысты ма, әлде олардың қосалқы алқабилерге де қатысы бар екендігі туралы қандай да бір нұсқаулар жоқ. Сонымен бірге, логикаға сүйенсек, «алқаби» жалпылама термині негізгі, сондай-ақ қосалқы құрамды меңзейтіндей.

Заң шығарушы алқабиге келесі міндеттерді жүктейді:

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ сот отырысында үзіліс жарияланса немесе істі тыңдау кейінге қалдырылса, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала құлағдар етуге міндетті.

Құқықтар мен міндеттерге қоса, заң шығарушы сақталуы сот ісін жүргізу қағидаттарын қамтамасыз етуге бағытталған белгілі бір шектеулерді қарастырады.

ҚР ҚПК-нің 647-б. 4 бөл. ережелеріне сәйкес алқаби мыналарға құқылы емес:

1) сот талқылауы кезінде сот отырысының залынан шығып кету. Бұл шартпен сот процесі кезінде болып жатқан әрекеттерді қабылдаудың табиғилығы және біртұтастығы қамтамасыз етіледі;

2) сот құрамына енетін адамдарды қоспағанда, сот отырысы кезінде кім де кіммен байланысқа түсу. Қажет болған жағдайда төрағалық етуші судьяның рұқсат беруімен байланысу мүмкін болады;

3) сот отырысынан тыс уақытта (мысалы, үзіліс кезінде немесе сот отырысын басқа күнге шегеру кезінде) мағлұмат жинаумен айналысу. Сонымен бірге, сот отырысының кезінде алқабидің мағлұмат жинауға құқығы жоқ, себебі бұл қылмыстық қудалау органдарының міндетіне жатады (фактілер туралы мағлұмат жинау – дәлелдемелер жинаумен пара-пар);

4) жабық тәртіпте жүргізілген сот талқылауына қатысуына байланысты оған мәлім болған мән-жайлар туралы мағлұматты кездейсоқ немесе әдейі жария етуге ұшырату. Келесі жайтты атап өткен жөн, кез келген жағдайда, сот отырысының ашық немесе жабық өткізілуіне қарамастан, істің мән-жайлары туралы мағлұматтар жария етілмеуі тиіс. Мұны сот этикасы талап етеді. Қылмыстық процестің адамгершілік бастаулары қылмыстық-процестік қатынастар аясына тартылған тұлғаның құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне құрметпен қарауға негізделген;

5) кеңесу бөлмесінің құпиясын қатаң сақтау.

Қарастырылған шектеулерді бұзу, жүктелген міндеттерді орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соқтырады. Алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету төрағалық етуші судья қолдануға құқығы бар шаралардың бірі болып табылады.

Сотта қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен талқылау үкімді шығару кезінде сот шешуі тиіс мәселелерді шешумен тікелей байланысты бөлігінде белгілі бір шектерге ие. Егер, ҚР ҚПК-нің 390-б. 1 бөл. сәйкес, сот кеңесу бөлмесінде мәселелердің 19 пункті бойынша жауап беруге міндетті болса, алқабилердің қатысуымен сот мәселелерді тек 9 пункт бойынша ғана шешеді. Алқабилер алқасы тікелей қатысқан жағдайда үкім шығару кезінде сот шешуі тиіс мәселелерге төмендегілер жатады:

1) жасалуына сотталушы айыпталып отырған іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденген-дәлелденбегенін;

2) бұл іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатынын-табылмайтынын және ол нақ қайсы қылмыстық заңда көзделгенін (бап, бөлік, тармақ);

3) сотталушының осы іс-әрекетті жасағаны дәлелденгенін-дәлелденбегенін;

4) сотталушының осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі-кінәсіз екендігін;

5) оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың бар-жоғын;

6) сотталушының өзі жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазалануға жататынын-жатпайтынын;

7) сотталушыға қандай жаза тағайындалуға тиістігін;

8) жаза тағайындамай үкім шығару немесе жазадан босату не қылмыстық жазаны өтеуді Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74 және 76-баптарында көзделген жағдайларда кейінге қалдыруға негіздердің бар-жоғын;

9) соттың сотталушыны құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыруға (айыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну енгізуге) тиісті-тиісті еместігін.

Алқабилер жол берілетіндік және анықтылық белгілеріне ие дәлелдемелерді зерттеуге негізделген кесімді шығару кезінде олардың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында заң шығарушы сотта істі талқылаудың жеке ерекшеліктерін қарастырған. Осылайша, судья алқабилерді дәлелдемелер ретінде жарамсыз деп танылған нақты деректермен таныстырмауы тиіс. Істі қарау барысында материалдарды дәлелдемелер қатарынан алып тастау қажеттілігі туындаған жағдайларда төрағалық етуші алқабилер жоқ кезде тиісті рәсімдерді жүргізуге міндетті (ҚР ҚПК-нің 648-б. 2 бөл.). Осы

мәселе бойынша заңда тиісті нұсқаулар жоқ екендігіне назар аударған жөн. Логикаға сүйенсек, іс материалдарынан жол берілмейтін ретінде танылған дәлелдемелерді алып тастау қажет болған жағдайда төрағалық етуші алқабилерден сот отырысының залынан белгілі бір уақытқа (мысалға, он минутке) шыға тұруды өтінеді. Осы әрекетті жасау үшін төрағалық етуші үзілісті жариялай алмайды, себебі үзіліс кезінде істі қарауға байланысты қандай да бір әрекеттерді жасауға тыйым салынған.

Дәлелдемелердің жол берілмейтіндігі сотта зерттелгеннен кейін анықталған жағдайларда төрағалық етуші алқабилерге олар шешім қабылдаған кезде аталмыш дәлелдемені ескермеуі тиіс екендігін түсіндіреді.

Бұған қоса, тараптардың алқабилердің қатысуымен өткізілетін сот процесі барысында жол берілмейтін дәлелдемелер ретінде танылған нақты деректерге сілтеме жасауға құқығы жоқ. Аталмыш талапты бұзу ақшалай өндіріп алуды қолдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Егер: а) ҚР ҚПК-нің 35 б. тәртібіне сәйкес іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар анықталса; б) ҚР ҚПК-нің 337 б. 7 бөл. тәртібіне сәйкес мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартса, алқабилер сот талқылауына қатысудан босатылуы мүмкін. Алқабилердің сот талқылауына қатысудан осылайша босатылуына осы келтірілген мән-жайлар туындаған сәтте, сот талқылауының кез келген кезеңінде жол беріледі.

Алқабилерді сот талқылауына қатысудан босатқаннан кейін төрағалық етуші іс бойынша тиісті қаулыны жеке-дара шығарады.

Алқабилердің қатысуымен өтетін соттағы сот тергеуі ҚР ҚПК-нің 364-378 және 381-б.б. көзделген жалпы тәртіпте жүргізіледі.

Бұл баптарда көрсетілген жалпы тәртіптермен қатар, заң, алқабилердің қатысуымен болатын сот тергеуінде орын алатын жеке ерекшеліктерді қарастырады. Бұл ерекшеліктерге төмендегілер жатады:

1) сотталушының сотталғандығы туралы фактілерді атап өтпеу талабынан тұратын мемлекеттік айыптаушының айыптау актісінің қарар бөлімін жариялауына қатысты шектеулерді белгілеу;

2) тараптар сотталушыдан, жәбірленушіден, куәдан және сарапшылардан жауап алғаннан кейін алқабилерге оларға сұрақтар қою құқығын ұсыну. Сауалдар жазбаша түрде қойылады және төрағалық етушіге беріледі;

3) төрағалық етушінің алқабилердің сауалдарын қабыл алмау құқығы, бұл ретте ол алқабиге осындай қабыл алмаудың уәжін хабарлайды.

4) тараптарға алқабилердің қатысуынсыз бұрын алынып тасталған дәлелдемелерді зерттеу туралы өтінішхат беру құқығын ұсыну;

5) алқабилердің қатысуымен болатын сотта сотталушының бұрынғы сотталуына байланысты, оны құныкпа маскүнем немесе нашакор деп тану туралы мән-жайларды, сондай-ақ алқабиде сотталушыға қатысты теріс түсінік қалыптастыру үшін жағдайлар жасайтын өзге де мән-жайларды зерттеуге тыйым салу.

Аталмыш ережелер бұзылған жағдайда сот бұзушыға ақшалай өндіруді белгілеуді қоса алғанда, процестік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

Алқабилердің қатысуымен өтетін сот тергеуі аяқталғаннан кейін сот жарыссөздерге өтеді. Жарыссөздер екі бөлімнен тұрады. Жарыссөздердің бірінші бөлімі мемлекеттік айыптаушының жәбірленушінің, қорғаушы мен сотталушының сөздерін қамтиды.

Сот алқабилердің қатысуымен кесімді шығарғаннан кейін төрағалық етуші үкім немесе қаулы түріндегі соттың ақырғы шешімін шығарады.

Үкімге іс бойынша төрағалық ететін судья ғана қол қояды.

Алқабилер институты басқа соттардан өзінің құрамы мен құзыретіне байланысты ерекшеленеді. Алқабилер институты әділ сот билігін жүзеге асырудағы ерекше нысан. Бұл институттың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға тікелей қатысы бар. Алқабилердің көзі өткір, ойы орамды, істі дөп басып шеше білетін, шешкен ісі халық көңілінен шығатындай болуы керек. Алқабилер институты - қоғамның, азаматтың санасына әсерін тигізбей қоймайды.

Жалпы алқабилер институтының мақсаты сот өндірісіне алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу ғана емес, елімізде сот төрелігіне қарапайым халықтың қатысуы, сот ісінің халыққа жариялы болуы, сот билігінің әділ болуын көздейді. Алқабилердің қылмыстық істер бойынша іс жүргізуге қатысуын, сот қызметіне қоғамдық бақылаудың бірі ретінде бағалауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Пакирдинов М.А. Введение суда присяжных как один из основных приоритетов правовой политики в Республике Казахстан // Судопроизводство с участием присяжных заседателей и перспективы его введения в Республике Казахстан: материалы круглого стола / под ред. Д.И.Нурумова. – Алматы, 2005. - С. 31-37.

2 Савицкий В.М., Ларин А.М. Уголовный процесс: словарь-справочник. – М.: РАН, 1999. – 271 с.

3. Словарь основных терминов по уголовному процессу / под ред. К.К. Боброва – М.: МА

МВО России, изд. «Щит М», 2001. – 160 с.

4 Большой юридический словарь / под ред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2002. - 704 с.

5 Котов А.К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. - Алматы: КазГЮА, 2005. - 337 с.

РЕЗЮМЕ

Жуманбаева Н.А., кандидат юридических наук
E-mail: nonna.aldabergen@mail.ru
Университет «Туран», г. Алматы

Серимов Е.Е., кандидат юридических наук
E-mail: mr.serim@mail.ru
Академия «Болашак», г. Караганда

О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ СУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА С ПРИСЯЖНЫМИ ЗАСЕДАТЕЛЯМИ

Статья посвящена институту суда присяжных. Институт суда присяжных функционирует в Республике Казахстан с 1 января 2007 года. Введение в правовое поле Казахстана судопроизводства с участием присяжных заседателей обусловлено, в первую очередь, необходимостью реализации конституционного положения, согласно которому «в случаях, предусмотренных законом, уголовное судопроизводство осуществляется с участием присяжных заседателей» (ст. 75 Конституции РК).

С введением в действие с 1 января 2015 года нового уголовно-процессуального законодательства предполагалось увеличение дел с участием присяжных заседателей, поскольку в соответствии со ст. 31 нового УПК РК несколько расширен перечень статей, подсудных суду с участием присяжных, то есть сняты ограничения в подсудности на некоторые составы преступлений. Авторы отмечают, что положительным моментом является то, что институт присяжных заседателей повышает качество досудебного расследования и судебного разбирательства, а также вызывает доверие со стороны защиты, об этом свидетельствуют статистические данные. При этом присяжные заседатели видят изнутри систему осуществления правосудия и пропускают через свое сознание тяжелый труд судьи.

Ключевые слова: право, суд, судья, судебная система, реформа, би, институт судебных присяжных, уголовно-процессуальное право.

RESUME

Zhumanbaeva N.A., PhD in Law,
E-mail: nonna.aldabergen@mail.ru
«Turan» University, Almaty

Serimov E.E., PhD in Law
E-mail: mr.serim@mail.ru
«Bolashak» Academy, Karaganda

ABOUT SOME PROBLEMS OF COURT PROCEEDINGS WITH THE PARTICIPATION OF JURORS

The article is devoted to jury trial institute. The institute of jury trials has been operating in the Republic of Kazakhstan since January 1, 2007. Introduction into Kazakhstani legal field of court proceedings with jurors participation is primarily due to the need to implement the constitutional provision, according to which “in cases stipulated by law, criminal proceedings are carried out with the participation of jurors” (the Article 75 of the Republic of Kazakhstan Constitution).

With the introduction of new criminal procedure legislation on January 1, 2015, an increase in cases of involving jurors was supposed, since, in accordance with Art. 31 of the new Criminal Procedure Code, the list of articles subject to jury trials has been somewhat expanded, that is, restrictions on the jurisdiction of certain offenses have been removed. Authors note, that a positive thing is that the institute of jurors improves the quality of pre-trial investigation and court proceedings, and also inspires confidence from the defense, according to statistics. At the same time jurors see from within of justice administration system and pass through their minds a hard work of the judge.

Keywords: law, court, judge, judicial system, reform, bi, jury institute, criminal procedural law.



G. Khakimova

PhD in Law

E-mail: gulnara.hakimova@mail.ru

Kostanay State University
after A. Baitursynov

Peculiarities of the disciplinary responsibility of private notaries

Annotation. The article reveals issues of bringing private notaries to disciplinary responsibility. The relevance of the topic under consideration lies in the fact, that notaries often violate established law norms in the implementation of notarial service and at the same time escape punishment for these violations. Not always, committed violations are significant and may lead to the involvement of notary to criminal, administrative, civil responsibility. Certain types of violations committed by the notary may lead to revocation or the license suspension. The Law of the Republic of Kazakhstan "On Notaries" and the Code of ethics, that acceptable for the notary provide for certain types of sanctions, which imposed on the notary, engaged in private practice, on condition that his professional duties and ethical standards are being faced the violation.

The most appropriate type of legal responsibility is the bringing the notary to disciplinary responsibility. This article highlights and describes problems, connected with legal deficiencies on this issue, which leads to violation of an important principle of legal responsibility - the principle of inevitability.

Keywords: notary, notarial service, license, disciplinary responsibility, legislation.

Today the notary is an important institution of the legal society, ensuring rights protection and participants legitimate interests in civil and legal relations. Currently, in the course of a gradual evolution, with which social relations are faced, the activity of notaries has been greatly developed.

Actions of notary or other authorized official person in committing a notarial service must be based on provisions, related to law. Only observing all legislation requirements, it is possible to guarantee, that a complete notarial action will be undisputed further in a judicial proceeding and will become a guarantee of legality of the arisen rights and duties for the citizens, who addressed for notarial service.

It sometimes happened, that the notary abuses own powers and violates a current legislation, made mistakes in consideration process of a legal situation. The current legislation establishes responsibility measures as a form of response to violation by the notary of legal norm.

Notarial acts can be performed both by private notaries and those, working in a public notary office. At the same time, private practitioners number is several times greater, and an effective functioning of the notary as a whole depends on their actions, in connection with which demands placed on them also increase. To this end, the legislation provides for an effective mechanism for the responsibility of a notary for the results of its activities.

On April 3, 2015 The Republican Chamber of Notaries has developed a Concept for notaries development in the Republic of Kazakhstan for the period from 2015 to 2020, which reflects the main conceptual consolidated ideas of the notarial community to further improve the regulatory, legal, organizational, financial and information technology

support of the notaries institute [1]. The concept provides for measures and mechanisms aimed at strengthening notaries role in the legal system, determining the legal status of a notary, increasing his responsibility and professionalism, improving the quality and accessibility of notarial assistance, strengthening self-government in notarial corps and control in the notarial sphere.

One of provisions of this Concept concerned the differentiation of grounds for bringing notaries to responsibility under the Law on Notaries and the notary Code of ethics.

Guided in their activities only by law, carrying out rights and obligations granted by law, notary is responsible for their activities also in accordance with the law.

According to the Article 24 of the Republic of Kazakhstan Law "On the Notary", the Notary and officials authorized to perform notarial actions are subject to criminal, administrative, material, disciplinary and other responsibility provided by the Republic of Kazakhstan legislation in case of wrong doing [2]. However, the Law of the Republic of Kazakhstan "On Notary" did not regulate the concept and content of the disciplinary responsibility of private practicing notaries.

The Law of the RK dated 07.07.2018. No. 177-VI "On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Advocacy and Legal Assistance" to the Law of the RK "On the Notary" includes Article 24-1, which clearly regulates the disciplinary responsibility suitable for a private notary [3].

The same law changed the name of the normative act enshrining the norms professional behavior of a notary from the "Code of Honor of the Notary " on "Code of Ethics of the Notary" as more terminologically correct and corresponding to the document content.

Based on the meaning of the article, disciplinary responsibility occurs for the violation of requirements of the Republic of Kazakhstan legislation has taken by notaries, Ethics Code of the notary, the statute belonging to the notary chamber, the terms of membership in the notary chamber.

General rules of disciplinary sanctions imposing determined by the Labor code of RK apply to the state notary. Because the notary, working in the state notary office, has the labor relations with judicial authorities, all range of disciplinary sanctions can be applied to him, as well as any other worker.

The issue of disciplinary responsibility taken by the notary, who is engaged in private practice, is more difficult and it is connected, private notary is not in the labor relations neither with notary association, nor with judicial authorities.

This gap in the legislation is balanced by acts adopted by notary associations.

According to the Article 24 of the Republic of Kazakhstan Law "On Notary", a notary engaged in private practice, if violation of their professional duties and ethical norms takes place, is brought to responsibility by the notary chamber in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan and ethics Code of the notary.

On 16 February 2001, the notary' ethics Code was accepted and approved by the Republican congress of private notaries. The notary' ethics Code formulated professional, moral and ethical standards, that present notarial activity and behavior of the notary, gave a disciplinary offence concept, defined measures of disciplinary influence and also an order of imposing and remission of disciplinary sanctions [4].

Disciplinary offence is a guilty inadequate fulfillment and non-fulfillment of the professional duties by the notary and also violation of ethical standards of the notary's behavior and other requirements established by the legislation of the Republic of Kazakhstan and notary's ethics Code.

There are disciplinary offenses according to the notary's ethics Code:

- commission of the notarial acts contradicting the legislation;
- engaging in entrepreneurial activity;
- provision of intermediary services in concluding contracts;
- implementation of notarial activity without insurance of civil responsibility for the obligations arising from any damages as a result of commission of notarial acts;
- violation of the secrecy, that notarial actions provide either personally or by the employees, who are worked at the notary;
- illegal refusal in commission of the notarial actions provided for in Article 34 of the Republic of Kazakhstan Law "On Notaries";
- loss of registers for commission of notarial actions, archive belonging to the notary, forms and other official documents from the notary fault or transfer to others of the personal seal of the notary;
- late payment of membership fees to notary association without reasonable excuse, at a time provided by Charters of territorial notary associations;
- violation of the territoriality principle of notary's activity;
- failure or delay in submitting of statistical reports, necessary information or data at the request of the notary association;
- lack of a permanent place of notarial acts for more than two consecutive months without reasonable excuse;
- not ensuring the safety of the seal, documents and valuables;
- commission of notarial acts in own name and on own behalf, in the name and on behalf of the spouse, on spouse's parents and own parents, children, brothers, sisters, grandchildren, grandfather

and grandmother;

- non-attendance of general meetings, that lead by the notary association (more than once) without reasonable excuse or its activities to improve professional skills (more than once) and other issues, failure to appear at the invitation of the association Board;

- gross or repeated violation (two or more times within a calendar year) of the rules of notarial documentation, established mode of work without a reasonable excuse, not providing appropriate conditions for the reception of persons who applied for notarial acts and for storage of documents; conducting unfair competition, as well as engaging in individual advertising, except for specifying the location and mode of operation of the notary;

- violation of moral and ethical standards provided by the legislation in the implementation of notarial acts;

- non-execution of decisions of congress, meeting and the Board of notary associations;

- violation of moral and ethical standards of conduct at the general meeting of notaries;

- any change in the rates of state duty and the size of the notary tariff towards its overstatement or understatement in comparison with the size of the rates established by the Law and tariffs, or other violations of the rules of payment established by the Law, subordinate acts and recommendations of the territorial notary association;

Құқықтық сана құқықтың негізгі жетекшісі болып келеді. Құқықтық сана мемлекетте қалыптасқан қоғамның құқықтық өмірінің ең басты және негізі болып қалыптасқан. Құқықтық сана – байқалмайтын абсолютті құбылыс.

Құқықтық сана қоғамдық сананың бір нысаны ретінде заңмен және оған реттелетін мінез-құлық туралы ойлар мен сезімдерді көрсетеді. Ол құқықтық білім ретінде заңи жарамдылықты, құқықтың өзіне деген баға қатынасын және оның тәжірибеде жүзеге асырылуын білдіреді [2, б. 116].

Құқықтық сана күрделі жүйелік механизм болып табылады, ол тек құқық нормалары мен құқықтық шындықты көрсете қоймай, сонымен бірге, білім беру жүйесі, мақсаттары мен себептерін көрсетеді [3, б.104].

Құқықтық сананың мәні оның бағалаушылық сипатында қолданылып жүрген заң нормаларын нақты қоғамдық қатынастармен және әлеуметтік топтардың мүдделерімен арақатынасын белгілей отырып, құқықтық сана, құқықтық мүмкіндігінше қандай болуға тиіс екендігін анықтайды. Ол субъектінің қолданылып жүрген құқық нормаларын сақтауға немесе бұзуға деген белгілі бір көзқарасын қалыптастырады. Соның нәтижесінде мұндай баға бұдан әрі мінез-құлық себебіне айналуы мүмкін. Құқықтық сана әлеуметтік құбылыстарды ерекше бағалай отырып, қоғамдық сананың басқа нысандарымен өзара әрекет етеді. Сонымен бірге, құқықтық сана өзінің сабақтастығымен, мәдени-тарихи мазмұнымен күшті. Құқық туралы көзқарастар, түсініктер, идеялар мен теориялар ұрпақтан ұрпаққа сол арқылы беріліп отырады.

Құқықтық сана бұл құқық туралы білім, әрекет

ететін құқықтар мен ойлардың бағасы, құқықтағы өзгертулер туралы ойлар, яғни құқықтық сана объекті көрінісінің нәтижесі ғана емес, сондай-ақ объектіге, мемлекеттің барлық құқықтық жүйесіне әсер ету құралы. Құқықтық сана құқыққа қатысты ойлар, сезім, көңіл күй көзқарастардың жиынтығы болып табылады.

Қоғамның құқықтық санасы қоғамның тұтастығын сақтауды қамтамасыз ететін адамдардың қатынастарын әділ реттеуге бағытталған. Халықтың қазіргі құқықтық санасы халықаралық деңгейде мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастықтың бейбіт және әділ дамуының және қолдаудың маңызды құралы. Мемлекеттің ішінде және халықаралық деңгейде құқықтық сана саяси санамен тығыз байланыста әрекет етеді, бұл заңи және философиялық әдебиетте саяси-құқықтық сана деген ұғымды қолдану үшін негіз болып табылады.

Адам тарихи қалыптасқан іс-әрекеттер, дағды мен тәсілдерді игеріп, әсіресе тілді үйрену нәтижесінде айналадағы заттар мен құбылыстардың объективті заңдылықтары мен қасиеттерін танып біледі. Адам айналадағы дүниеге өзін қарама-қарсы қойып, белгілі мақсатта іс-әрекетпен шұғылданғанда сол объективті шындық туралы өзінің білетін түсінігі мен біліміне сүйенеді. Бүкіл адамзат тарихының барысында қалыптасып жинақталған рухани қазына, мәдениет, мораль, дін, қоғамдық психология, өнер құрал-жабдық адамның шығармашылығынан туып, оның қолымен жасалған бүкіл заттық дүние түгелімен адамзаттың қоғамдық санасы болып табылады. Сана тарихи тәжірибені, білім мен ойлау тәсілдерін бойына сіңіріп, шындықты, рухани идеалды игеріп, алда тұрған мақсат, міндеттерді белгілеп, адамзат қоғамының бүкіл практикалық іс-әрекетін бағыттайды. Адамдар өзінің шығармашылық ойларын жүзеге асырып, табиғатты, қоғамды дамытумен бірге, өздерін де жетілдіреді.

Құқықтық сана – қоғамдық сананың бір түрі. Саяси және моралдық санамен тығыз байланысты. Мазмұны жағынан тиісті мемлекетте қолданылып отырған құқық нормалары, заңдылық пен құқықтық тәртібі, қылмыс және оны жазалау, қоғам мүшелерінің құқықтары мен көзқарастары жатады. Антагонистік қоғамда таптардың өзіне тән құқықтық санасы болады. Оның мазмұны әр таптың қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде алатын орнына байланысты.

Қоғамдық сана – объективті дүние мен қоғамдық болмыстың адам санасында бейнеленуі. Қоғамдық сана адамның тәжірибелік іс-әрекеттерінен байқалады. Сана қоғамның рухани мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Қоғамдық сананың түрлері: саясат, құқық, философия, мораль, өнер, дін, қоғамдық болмысты бейнелей отырып, оған белсенді ықпал етеді. Қоғамдық сананың түрлерінің әрқайсысының өз объектісі мен бейнелеу тәсілі болуына қарамастан, болмыс пен адам санасына өзіндік әсерін тигізеді. Идеологияның саяси құқықтық нысандары қоғамның экономикалық қатынасын саяси және құқықтық тілде, ал өнер-көркемдік образдармен, мораль – адамдардың мінез-құлқының белгілі қағидалары мен ережелері түрінде бейнелейді.

Қоғамдық сананың түрлері қоғамның экономикалық базисымен байланыс жасау сипатына қарай әр түрлі болады. Мысалы, идеологияның саяси және құқықтық түрлері басқа нысандарына қарағанда экономикалық базиске жақын тұрады. Бұлар қоғамның өндірістік, шаруашылық қатынастарын тура, тікелей бейнелеп, олардың төте ықпал жасауымен қалыптасады. Қоғамдық сананың түрлері тарихи өзгерістерге түсіп, белгілі тарихи кезінде осы нысандардың бірі қоғамның рухани өмірінде үстем болып, қалғандарын өзіне бағынышты етеді. Мысалы, феодализм дәуірінде дін үстемдік етті. Капиталистік қоғамда құқық пен саясат билік алып, философия, өнер мораль мен діннің дамуына зор ықпалын тигізді.

Құқықтық нормаларды жүзеге асыру – қоғамға пайдалы іс-әрекет құқық нормаларының талабына орындау заң белгіленген мүмкіндікті пайдалану үшін азамат белгілі бағытта әрекет жасап, белсенділігін көрсетуі қажет. Құқықтық белсенділіктің екінші жағы адамның сана сезіміне байланысты. Құқықтық сана-сезім белгілері мыналар:

- құқықты белгілеу;
- құқықты түсіну;
- құқықты құрметтеу;
- құқықтың дұрыстығына және әділдігіне сену;
- құқықты сақтауға дағдылану;
- құқықтың талаптарын бұлжытпай орындау.

Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалауына, құқыққа басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтық сезімдерінің, әсерлігінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Құқықтық сана қоғамның құқықтық өмірін жандандыру және дамытуға үлкен үлес қосады.

1. Құқықтық сана – құқық нормаларын қалыптастырудың қажетті шарты. Олай дейтін себебіміз, құқықтық нормалар заң шығару органының саналы түрдегі ерікті қызметі арқылы өмірге келеді. Адамдардың белгілі бір мүдделері мен қажеттіліктері заң нормаларында бейнеленбестен бұрын, ол нормаларды құрушы лауазымды тұлғалардың ой-санасынан өтеді. Сондықтан да құқық нормаларының сапасы олардың қоғамдық даму қажеттілігіне сәйкес келеді, ол нормаларды құратын органның құқық көзқарасы, құқық санасының деңгейімен тығыз байланыста болады.

2. Құқықтық сана құқық нормаларының нақты және толығымен іске асырылуының ең басты шарты. Құқықтық нормаларының талаптары тікелей азаматтарға қойылады. Бұл талаптарда олардың саналы түрдегі ерікті әрекеттері арқылы орындалады. Яғни неғұрлым құқықтық сананың деңгейі жоғары болса, соғұрлым құқық нормаларының ережелері нақтырақ орындалады.

Қоғамдық мәдениет саласында құқық мәдениетінің жетістіктерін ғана басқарып, реттеп отырады. Мәдениет өзінің даму процесінде қоғамның рухани байлығын, халықтың сана сезімін дамытып, жоғары дәрежеге көтереді. Құқықта өз кезегінде мәдениетті қорғап, реттеп отырады. Осыдан келіп құқықтық мәдениет қалыптасады. Ол өзара байланысты элементтер арқылы көрініс табады:

– қоғамдағы құқықтық сананың жағдайы, құқықты түсінудің деңгейі, заңдылықтың талаптарын орындау қажеттігін түсіну;

– заңдылықты сақтау;

– заң шығарудың ерекшелігі, оның мазмұны мен нысанына көңіл бөлу;

– сот, прокуратура басқа да заң органдарының жұмыс атқару сипаты.

Сонымен, сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғары нысаны. Сана адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психикалық процестердің (түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау т.б.) заңды нәтижесі болып табылады. Сана негізінен жеке адам санасы және қоғамдық сана болып екіге бөлінеді.

Құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси процестер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді.

Құқықтық сана, құқықтық норма сияқты тікелей кейбір кездерде керісінше адамның тәрбиесіне әсерін тигізеді.

Барлығы, қолданыстағы норманың құқықтық санасымен және қалыптасқан қоғамдық қарым-қатынастарды толығымен қаншалықты дәрежеде санкциялану дәрежесіне байланысты туындалады.

Құқықтық сананың қоғамдық өмір құрылымына әсері өте үлкен, маңызды.

Осылайша, оның қоғамдық қатынастарға әсер етудің бір әдісі ретінде құқықтық қатынас механизміне қосылуды білдіреді.

Құқықтық сананың айрықша ерекшелігі құқықтық реттеу механизмінің бір бөлігі бола тұра, оның құндылығы қандай да бір заңды әсер ету кезеңімен шектелмейтіндігі.

Көптеген адамдардың санасы қоғамда болуы мүмкін сыбайлас жемқорлықты, зорлық-зомбылықты және «қорлауды» қабылдамауы керек. Азаматтардың күшті моральдық-құқықтық сана-сезімін қалыптастырудың басталуы қоғамдық тәртіп, азаматтық келісім, тұрақты адамдық игілік және адам құқықтарының кең материалдық кепілдігі болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда тұтастай елдегі күшті шиеленіс жағдайында бөртпе, дұрыс емес және орынсыз әрекеттер жасалуы мүмкін [4, б. 155].

Сондықтан, заңсыздықты, әлеуметтік енжарлық және заңнан бас тартуды жою жөніндегі жұмыстың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі азаматтардың құқықтық тәрбиесі бойынша тиімді шаралар болып табылады.

Құқықтық сананы тәрбиелеу адамгершілік негіздерімен, барлық азаматтардың демократиялық көзқарасымен, қоғамның, адамның, еркіндікті, әділеттілікті және қадірлілікті жоғарылату рәсімімен тығыз байланысты [5, б. 61]. Қазіргі әлемде адам құқықтары мен азаматтық жауапкершіліктің, заңның үстемдігі мен жеке бостандықтарының арасындағы қатынастар бойынша сұрақтар маңызды. Әрине, заңдылық, демократия, адам құқықтары анархия мен еркіндікті өзара алып тастайды. Адам бостандығы оның құқықтық және адамгершілік көріністерінде, адамның мінез құлқының, оның салауатты, лайықты мүдделері мемлекет пен қоғамның басқа мүшелерінің қызығушылықтарына сыйластықпен үйлесуін білдіреді.

Азаматтарда құқықтық сана мен құқық аясында құқықтық білімді қалыптастыру бойынша тәжірибені отбасынан бастау қажет, өйткені өсіп келе жатқан ұрпақ аз уақытта құқықтық мемлекетті орнататын болады. Өмірдің осы кезеңінде құқықтық сананы және заңға бағына білу тәрбиесін қалыптастыру мәселесі аса маңызды болып келеді [6, б. 100]. Ата аналарымен қоса, балаларда негізгі заңдар мен нормативтік құқықтық актілермен таныс болуы қажет (Қазақстан Республикасының Конституциясымен, БҰҰ Конвенцияларымен және т.б.) [7, б.181-182].

Құқықтық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі азаматтардың өздерінің құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін танып білу болып табылады. Осылайша, «құқықтық мәдениет» сөзі құқықтық база мен құқықтық жүйенің басты құрамдасы деп танылады.

«Құқықтық мәдениет» санаты қандай да бір мемлекеттің немесе қоғамның құқықтық өмірінің деңгейін бағалауды және оларды бекітілген құқықтық мінсіздігі мен үлгілерімен салыстыруды білдіреді. Құқықтық мәдениет сөзінің астында әлеуметтік, рухани, қоғамның құқықтық өмірінің саяси және экономикалық құрылымының сапалы жағдайы, заңи актілердің, құқықтық қызметтің қол жеткізген даму жолдарын, субъектінің жалпы құқықтық санасының және құқықтық даму

деңгейін, сонымен бірге, адам құқығы мен бостандығын мемлекет пен азаматтық қоғамның кепілдік деңгейін көрсететін түсініктер жатады.

Әлеуметтік-құқықтық сананың және халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейі тәуелділік тұжырымдамасы болып табылады, екіншісі тікелей біріншісіне байланысты: қоғамның адам құқықтары мен бостандықтары, құқықтық процедуралар және дауларды шешудегі ымыраға келу сияқты заңды санаттар мен құндылықтарды қалай игергені, құқық қорғау органдарының қызметі туралы азаматтардың қаншалықты жақсы хабардар болуы және олардың осы органға деген көзқарасы қандай, халықтың заңды нормативтік құқықтық актілерді сақтауы (сақталмауы) тәртібі, осының барлығы құқықтық мәдениеттің бірінші элементі болып табылады.

Келесі элемент болып құқықтық қызметтің қалыптасу деңгейі болып табылады. Мысалы, бұл тәртіпсіз субъектілер құқықтың сол немесе басқа құқық нормаларын жиі жиі еселеп талқылау кезіндегі заңгерлердің іс-әрекеттері жатады [8, б. 67]. Ол сондай-ақ студенттердің білім беру іс-шараларында орын алады [9, б. 67], заң шығармашылығы, заң өзгертуші және мемлекеттік органдардың заңды іске асыру міндеті болып табылады. Құқықтық мәдениетті дамыту деңгейі нақты құқықтық қызметте ғана белгіленуі мүмкін.

Үшінші элемент болып, заң жүйесіндегі актілердің, яғни қоғам тәртібі мен құқық нормаларын бекітетін құжаттардың даму деңгейі. Мұнда ең маңыздысы - заңнама жүйесі. Бірақ жеке-құқықтық актілер де қаралуы керек [10, б. 145].

Біздің ойымызша, азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру үшін барлық қолжетімді құрылғылар мен келесі салаларды дамыту қажет:

- отан сүйгіштік;
- әлеуметтік белсенділік;
- интеллектуалдық қасиет;
- қарым-қатынастық қасиет;
- психофизиологиялық қасиет.

Азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру мәселесінің зерттеуі көрсеткендей, бұл жерде маңызды рөлді құқықтық мәдениет атқарады. Азаматтардың құқықтық санасын құқықтық құбылыстың ғылыми мәнімен, сипаты және қатынасымен, құқықтық реттеу механизмімен, демократиялық және моральдық мәнімен анықталады. Қоғамның құқықтық және тұлғалық мәдениетінің деңгейі қарапайым азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейінен жоғары болуы міндетті деп санаймыз.

Адамның құқықтары мен заңды мүдделері қорғалатын және қамтамасыз етілетін заңның жай-күйін қалыптастыру үшін мінсіздікке ұмтылуға мүмкіндік беретін жолдар табу қажет [11, б. 176].

Құқықтық тәрбие қоғамның барлық мүшелерінің мүдделері мен құндылықтарына сәйкес қоғамның мінез-құлқына кепілдік беруге бағытталған [12, б. 207]. Оның мәні қоғамның мүдделері мен үміттерімен мүмкіндігінше сәйкес келіп, оның параметрлерін анықтау болып табылады. Бұдан басқа, бұл мүдделер мемлекеттік органдар тарапынан қолдау және қорғауға тиіс. Мемлекет, өз кезегінде, азаматқа жүктелген міндеттердің орындалуын талап етуге және барлық заңдардың теңдігін қамтамасыз етуге құқылы [13, б. 63].

Азаматтар мен қоғамның құқықтық санасын арттыру теріс көзқарасты, девиантты мінез-құлықты азайтуға, адамға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларын еңсеруге әкеледі. Қоғамның санасында ғылыми негізделген құқықтық регламенттерді, идеяларды және көзқарастарды біріктіру, қылмысқа қарсы күрес заңның және азаматтық қоғамның дамыған заңдылықтары мен тәртібінің маңызды шарттары болып табылады.

Осылайша, әрбір азаматтың құқықтық санасы азаматтың деңгейіне жету дәрежесін анықтайды. Азаматтардың құқықтық санасы «заңды негізді» білу қажет, өйткені оларды білмеген жағдайда адамдардың құқықтары мен бостандықтарына әрекетсіз болып, мемлекеттің өміріне қатысуға немесе өзінің негізгі құқықтары жайлы «надандық» көрсетеді. Азаматтардың құқықтық санасын орнықтырмай, еліміздегі құқықтық мәдениеттің, саяси, әлеуметтік экономикалық сананың өсуі бір талай.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолдауы: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар // www.akorda.kz.

2 Борисов Н.А., Брыжинская Г.В. Психология участников правового конфликта // Евразийский научный журнал. - 2015. - № 6. - С. 154-156.

3 Брыжинская Г.В., Худойкина Т.В. Переговорный процесс: психолого-правовой анализ // *Paradigmata poznani*. - 2015. - № 1. - С. 65-67.

4 Брыжинская Г.В. Факторы правовой социализации // *Перспективы науки*. - 2015. - № 11 (74). - С. 100-102.

5 Брыжинская Г.В., Палаткина А.С. Влияние психологических факторов личности на возникновение

и развитие юридических конфликтов // Социосфера. - 2015. - №4. - С. 60-62.

6 Левин В.Ф., Брыжинский А.А., Г.В., Худойкина Т.В. Перспективы развития альтернативных форм разрешения правовых споров и конфликтов // Вестник Мордовского университета. - 2006. Т. 16. - № 1. - С. 173-181.

7 Пронина Ю.О. Правосознание граждан как основа построения правового государства // Science Time. - 2014. - № 4. - С. 181-182.

8 Хабардина А.Ю. Пути повышения правосознания у граждан Российской Федерации // Вестник Восточно-Сибирского института МВД России. - 2009. - № 1. - С. 143-146.

9 Худойкина Т.В. Технология оценки и измерения правового сознания // Теория и практика общественного развития. - 2015. - № 21. - С. 104-106.

10 Худойкина Т.В. К вопросу о выявлении характера правового сознания // Перспективы науки. - 2015. - № 11 (74). - С. 116-119.

11 Худойкина Т.В. Правовое воспитание как основной фактор предупреждения юридических конфликтов // Глобальный научный потенциал. - 2015. - № 11 (56). - С. 206-208.

12 Худойкина Т.В., Васягина М.М. Юридическая конфликтология в системе подготовки будущих юристов // Интеграция образования. - 2006. - № 1. - С. 67-70.

13. Худойкина Т.В. Перспективы развития альтернативного разрешения правовых споров и конфликтов в регионах Российской Федерации // Регионология. - 2005. - № 4. - С. 61-70.

РЕЗЮМЕ

Сарыкулов К.Р., кандидат юридических наук, доцент
E-mail: kurman_sr@mail.ru

Утегенова С.Т., магистр правоохранительных органов
E-mail: saule.sartaeva@mail.ru

Новотеева С.А., магистр юридических наук
E-mail: saule-n-18@mail.ru

Костанайская академия МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева

ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ ГРАЖДАН

Статья посвящена проблеме правового воспитания граждан и повышения уровня правосознания. Раскрываются элементы правовой культуры как пути повышения правосознания. Правовое сознание - это форма общественного сознания, которая отражает мысли и чувства по поводу закона и регулируемого поведения. Воспитание правосознания тесно связано с этическими основами, а также с демократическим взглядом всех граждан.

Ключевые слова: правосознание, правовая культура, правовое воспитание, права и свободы человека.

RESUME

Sarykulov K.R., PhD in Law, docent
E-mail: kurman_sr@mail.ru

Utegenova S.T., master of law enforcement agencies
E-mail: saule.sartaeva@mail.ru

Novoteeva S.A., master of Law
E-mail: saule-n-18@mail.ru

Kostanay academy of the IAM of the Republic of Kazakhstan after Sh. Kabylbayev

INCREASING CITIZENS LEGAL AWARENESS

The article is devoted to the problem concerning to legal education and the enhancement of legal awareness. Legal culture elements as methods of legal awareness enhancement are described in the work. Legal awareness is a form of social consciousness that reflects the law sense and the way it is regulated. The recitation of orthodoxy is connected with etiological bases that are democratic views of all citizens.

Keywords: legal awareness, legal culture, legal education, human and civil rights and liberties.



М.К. Жолумбаев
кандидат юридических наук
E-mail: zholumbaev@bk.ru

Кокшетауский университет
им. А. Мырзахметова



М.Х. Шалгимбаев
E-mail: uuirik@mail.ru

Костанайская академия
МВД Республики Казахстан
им. Ш. Кабылбаева

Совершенствование уголовно-правовой охраны жизни человека

Аннотация. В статье исследуются вопросы ответственности за склонение к совершению самоубийства и содействие совершению самоубийства в уголовном законодательстве Российской Федерации. Обращается внимание на определенные сложности, обусловленные отсутствием единых стандартов толкования признаков данных составов преступлений, что представляет интерес и для отечественного законодателя.

Рассматривается опыт отдельных зарубежных стран в отношении установления уголовной ответственности за преступления против жизни человека. Проводятся различия доведения до самоубийства от склонения или содействия суициду.

Авторы приходят к выводу, что в части совершенствования уголовно-правовой охраны жизни человека возможны квалификационные проблемы, учет которых требует глубокого теоретического осмысления казахстанским законодателем.

Ключевые слова: доведение до самоубийства, несовершеннолетний, покушение на самоубийство, самоубийство, склонение к совершению самоубийства.

В Казахстане обсуждается вопрос о введении уголовной ответственности за склонение к самоубийству [1]. Поводом для криминализации отдельных деяний стали публикации в СМИ о так называемых "группах смерти" в социальных сетях, в которых несовершеннолетних с помощью игры доводят до самоубийства. В их числе интернет-сообщества с общим названием «Киты».

Тему игры «Синий кит» в Казахстане пользователи Интернета стали активно обсуждать после сообщения о том, что в Караганде 19-летняя студентка колледжа совершила суицид. По словам родственников, девушка состояла в группе «Синий кит». Было начато досудебное расследование по статье 105 УК РК «Доведение до самоубийства».

Прокуратура ВКО во время специального мониторинга обнаружила в соцсети «В Контакте» группу «Типичный Семск», материалы которой могли пропагандировать суицид. Тем временем в Жамбылской области восьмиклассник одной из районных школ уже выполнил два задания игры «Синий кит». По информации прокуратуры, подростку давал указания неизвестный администратор группы социальной сети «В Контакте» [2].

В уголовных кодексах зарубежных стран «суицидальные» нормы отличаются друг от друга. Так, например, помощь при совершении самоубийства является одним из способов доведения до самоубийства в УК Республики Болгарии (ст. 127: «Кто, каким бы то ни было способом, окажет содействие или склонит другое лицо к самоубийству, и самоубийство или покушение на него последуют, - наказывается ...»), Республики Польши (ст. 151: «Кто путем уговоров или оказания помощи доводит человека

до покушения на свою жизнь, - подлежит наказанию...»), Республики Аргентины (ст. 83: «Кто подстрекал другого к совершению самоубийства или оказал содействие в совершении самоубийства, - наказывается...»), Голландии (ст. 294: «Лицо, которое умышленно подстрекает другое лицо совершить самоубийство, помогает самоубийству другого лица или обеспечивает для этого другого лица средства, чтобы совершить самоубийство, если в результате этого следует самоубийство, - подлежит наказанию...»), Дании (ст. 240: «Любое лицо, которое помогает другому лицу в совершении самоубийства, - подлежит...»), Норвегии (ст. 236: «Лицо, способствующее тому, чтобы кто-либо лишал себя жизни...»), Японии (ст. 202: «Тот, кто подготовил человека к убийству, или оказал ему помощь в самоубийстве, или убил человека по его настоянию или с его согласия - наказывается...»), Турции (ст. 454: «Лицо, убеждающее кого-либо совершить самоубийство и помогающее ему в этом действии, - наказывается в случае смерти потерпевшего...»). А в УК таких стран, как Австрия (ст. 78 «Склонение к самоубийству»: «Всякий, кто склоняет другого к тому, чтобы убить себя самого, или оказывает ему в этом помощь, подлежит наказанию...») и Швейцария (ст. 115 «Склонение к самоубийству и пособничество в самоубийстве»: «Кто из корыстных мотивов склоняет кого-либо к самоубийству или оказывает ему в этом помощь, если совершается самоубийство или покушение на него, то...»), склонение к самоубийству является одним из способов доведения до самоубийства [3].

Следует отметить, что в соседнем государстве Федеральным законом от 7 июня 2017 криминализованы склонение к совершению самоубийства и содействие совершению самоубийства (ст. 110.1 УК РФ), организация деятельности, направленной на побуждение к совершению самоубийства (ст. 110.2 УК РФ), а также вовлечение несовершеннолетнего в совершение действий, представляющих опасность для жизни несовершеннолетнего (ст. 151.2 УК РФ). Кроме того, в составе доведения до самоубийства появились новые квалифицирующие признаки (ч.2 ст.110 УК РФ).

Вместе с тем анализ указанных статей обнаруживает определенные сложности, обусловленные отсутствием единых стандартов толкования признаков данных составов, что представляет интерес и для отечественного законодателя.

В ст. 110 УК РФ, как и в ст.105 УК РК, указаны такие способы, как: 1) угрозы, 2) жестокое обращение, 3) систематическое унижение человеческого достоинства потерпевшего.

«Доведение» в широком смысле включает в себя склонение к чему-либо и содействие чему-либо. В русском языке «довести» - значит привести в какое-нибудь состояние, вызвать, породить в ком (чем)-нибудь некие последствия [4]. Привести лицо в определенное состояние можно различными способами (в том числе путем склонения к чему-либо и оказания помощи в чем-либо) [5]. Однако «доведение», в отличие от «склонения» и «содействия», может не иметь прямой и непосредственной направленности на самоубийство потерпевшего; под влиянием общественно опасных действий (бездействий) виновного, квалифицируемых как «доведение», потерпевший самостоятельно принимает решение уйти из жизни.

Из диспозиций ч. 1 и ч. 2 ст. 110.1 УК РФ законодатель усматривает проблему в разграничении «доведения» и «склонения» (о чем свидетельствует уточнение «при отсутствии признаков доведения до самоубийства» в ч. 1 ст. 110.1 УК РФ), но не видит такой проблемы при квалификации содействия совершению самоубийства (в ч. 2 ст. 110.1 УК РФ подобная оговорка отсутствует).

Склонение к совершению самоубийства означает, что виновный формирует у потерпевшего решимость покончить жизнь самоубийством, желание свести счеты с жизнью возникает в результате прямого и непосредственного воздействия виновного. Такое склонение происходит путем «уговоров, предложений, подкупа, обмана или иным способом при отсутствии признаков доведения до самоубийства».

Содействие совершению самоубийства в отличие от склонения укрепляет уже возникшее у потерпевшего желание совершить суицид, и возможно, по мысли законодателя, такими способами, как советы, указания, предоставление информации, средств или орудий совершения самоубийства либо устранение препятствий к его совершению или обещание скрыть средства или орудия совершения самоубийства.

Путем систематического толкования уголовного закона можно прийти к выводу, что доведение до самоубийства отличается от склонения или содействия суициду не только способами и характером их влияния на психическую сферу потерпевшего. При доведении до самоубийства субъект не обязательно преследует цель лишения потерпевшим себя жизни; виновный может сознательно допустить такой исход или относиться к нему безразлично либо без достаточных к тому оснований самонадеянно рассчитывать на его предотвращение. Поведение лица, виновного в доведении до самоубийства, может быть направлено на суицид потерпевшего лишь объективно. Склонение к совершению самоубийства (ч. 1 ст. 110.1 УК РФ) и содействие совершению самоубийства (ч. 2 ст. 110.1 УК РФ) - деяния, совершаемые только с прямым умыслом. Это следует из конструкции данных составов как формальных (последствия в виде самоубийства или покушения на него признаны квалифицирующим признаком - ч. 4, 5, ст. 110.1 УК РФ).

Иные, кроме прямо указанных в ч. 1 ст. 110 УК РФ, способы доведения до самоубийства (например, однажды высказанная угроза или однократное унижение человеческого достоинства

потерпевшего), не имеющие признаков склонения к самоубийству или содействия ему, не могут быть квалифицированы ни по ст. 110, ни по ст. 110.1 УК РФ.

Нормативное описание объективной стороны склонения к совершению самоубийства представляет собой открытый перечень действий виновного лица (ч. 1 ст. 110.1 УК РФ). В описании объективной стороны содействия совершению самоубийства (ч. 2 ст. 110.1 УК РФ) такой набор вариантов поведения виновного является исчерпывающим. Нетрудно заметить сходство законодательных характеристик склонения к самоубийству и содействия самоубийству и, соответственно, подстрекательства к преступлению (ч. 4 ст. 28 УК РК и пособничества преступлению (ч. 5 ст. 28 УК РК). Закрытый перечень вариантов пособничества преступлению не охватывает всех мыслимых ситуаций содействия преступлению [6], в связи с чем возникает предположение о проблемах, которые могут возникнуть на практике при квалификации содействия самоубийству (например, об ответственности лица, передающего информацию, орудия и средства совершения самоубийства от лица, их предоставляющего, к потерпевшему).

По-прежнему является дискуссионным вопрос о формах и видах вины в составе доведения до самоубийства (ч. 1 ст. 105 УК РК). Полагаем, что при доведении до самоубийства возможны косвенный умысел и неосторожность [7; 8], хотя и наличие прямого умысла не противоречит конструкции данного состава [9].

Вряд ли вызовет сомнения, что в составе организации деятельности, направленной на побуждение к совершению самоубийства, возможен только прямой умысел (ч. 1 и ч. 2 ст. 110.2 УК РФ содержат формальные составы).

Что же касается такого «суицидального» преступления, как склонение к совершению самоубийства или содействие совершению самоубийства (ст. 110.1 УК РФ), то здесь решение проблемы форм и видов вины не столь очевидно. В преступлениях с формальными составами (ч. 1, 2, 3 ст. 110.1 УК РФ) недопустимы никакие другие виды вины, кроме прямого умысла. Но вот квалифицированные составы (ч. 4, 5, 6 ст. 110.1 УК РФ) - материальны по конструкции (обязательны общественно опасные последствия в виде самоубийства или покушения на самоубийство потерпевшего либо самоубийства двух или более потерпевших).

Каково же должно быть субъективное отношение виновного к таким последствиям? Для ответа на данный вопрос необходимо обратиться к положениям теории уголовного права о вине таких соучастников преступления, как подстрекатель и пособник. Самоубийство, как таковое, не считается преступлением по современному казахстанскому уголовному праву, однако, как уже отмечалось, законодательное описание склонения к самоубийству и содействия самоубийству весьма схоже с содержанием норм Общей части УК РК о подстрекателе и пособнике; для обозначения попытки самоубийства в уголовном законе использован термин «покушение», приемлемый только для характеристики неоконченного преступления (ч. 3 ст. 24 УК РК).

Подстрекательство к преступлению возможно только с прямым умыслом; пособничество - как с прямым, так и с косвенным умыслом [10; 11]. По этой логике при склонении к совершению самоубийства, повлекшем последствия в виде удавшегося или неудавшегося суицида (ч. 4, 5, 6 ст. 110.1 УК РФ), всегда должен иметь место прямой умысел, т. е. виновный желает, чтобы в результате его действий потерпевший совершил самоубийство или хотя бы попытку самоубийства. Содействие же совершению самоубийства, предусмотренное ч. 4, 5 или 6 ст. 110.1 УК РФ, может быть совершено как с прямым, так и с косвенным умыслом, т. е. субъект может как желать наступления таких последствий, так и не желать, но сознательно допускать их, либо относиться к ним безразлично.

Содержание состава склонения и содействия самоубийству в УК РФ вызывает и другие вопросы, связанные с уголовно-правовой оценкой их признаков. Непонятно, как квалифицировать деяния, предусмотренные ч. 3 ст. 110.1, если они повлекли самоубийство или покушение на самоубийство лиц, указанных в данной части статьи (например, виновный склонял к самоубийству заведомо беременную женщину, и его действия повлекли именно такие последствия), ведь в ч. 5 ст. 110.1, УК РФ речь идет о деяниях, предусмотренных «частями первой или второй настоящей статьи», т. е. совершенных при отсутствии квалифицирующих признаков, закрепленных в ч. 3 ст. 110.1, УК РФ. Возможны два варианта квалификации таких преступлений: 1) по совокупности п. «а» или «б» ч. 3 ст. 110.1, УК РФ и ч. 5 ст. 110.1, УК РФ (фактически означает вменение двух преступлений); 2) по ч. 5 ст. 110.1, УК РФ, поскольку подразумевается, что совершение деяний (склонения к самоубийству или содействия ему) в отношении специальных потерпевших охватывается данной нормой.

В правоприменительной практике может возникнуть вопрос о квалификации склонения к самоубийству и содействия самоубийству, повлекших покушение на самоубийство двух или более лиц либо самоубийство одного (одних) и покушение на самоубийство другого (других) потерпевшего (потерпевших). В таких ситуациях ч. 6 ст. 110.1 УК РФ неприменима (при самоубийстве одного потерпевшего и попытке самоубийства другого потерпевшего имеет место совокупность преступлений, предусмотренных ч. 4 и (или) ч. 5 ст. 110.1 УК РФ) либо должна применяться наряду с другими частями названной статьи (при самоубийстве двух или более лиц и покушении

на самоубийство одного или более потерпевших также будет совокупность преступлений).

Преступление, предусмотренное ст. 151.2 УК РФ («Вовлечение несовершеннолетнего в совершение действий, представляющих опасность для жизни несовершеннолетнего»), вполне допустимо рассматривать как относящееся к группе посягательств на жизнь человека (в данном случае - несовершеннолетнего). Конкуренция с составами склонения к самоубийству, вовлечения несовершеннолетнего в совершение преступления или в совершение антиобщественных действий разрешена в ч. 1 ст. 151.2 УК РФ - ст. 151.2 УК РФ подлежит применению при отсутствии признаков преступлений, предусмотренных ст. 110.1, 150, 151 - УК РФ. Так, если несовершеннолетний, достигший возраста уголовной ответственности, вовлечен взрослым лицом в совершение кражи с незаконным проникновением в жилище через форточку окна второго этажа (что представляло опасность для жизни несовершеннолетнего исполнителя), взрослое лицо должно нести ответственность за вовлечение несовершеннолетнего в совершение тяжкого преступления (ч. 4 ст. 150 - УК РФ) и за подстрекательство к краже; вменение ст. 151.2 УК РФ будет излишним. Вопрос о нижней границе возраста несовершеннолетнего в ст. 151.2 УК РФ не разрешен в уголовном законе, т. е. возраст потерпевшего может быть значительно ниже минимального возраста уголовной ответственности (14 лет). Данной статьей охватывается, помимо «трейнсерфинга», «руфинга», «зацепинга» и т.д., передача управления автомобилем или иным механическим транспортным средством детям дошкольного и младшего школьного возраста.

Таким образом, анализ российского законодательства в части совершенствования уголовно-правовой охраны жизни человека указывает на возможные квалификационные проблемы, учет которых требует глубокого теоретического осмысления казахстанским законодателем.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 За склонение к суициду в РК введут уголовную ответственность // <https://www.zakon.kz/4896136-za-sklonienie-k-suitsidu-v-rk-vvedut.html>
- 2 Игра "Синий кит": правда или массовая истерия // <http://today.kz/news/kazakhstan/2017-02-08/735718-igra-sinij-kit-pravda-ili-massovaya-isteriya/>
- 3 Колинко Е.А. Ответственность за доведение до самоубийства по законодательству Украины и других зарубежных стран: сравнительный анализ // <https://cyberleninka.ru/article/n/otvetstvennost-za-dovedenie-do-samoubiystva-po-zakonodatelstvu-ukrainy-i-drugih-zarubezhnyh-stran-sravnitelnyy-analiz>
- 4 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: АЗЪ, 1995. - С. 166.
- 5 Цыркалюк АЛ. Уголовная ответственность за доведение до самоубийства: дис. ... канд. юрид. наук. - Тамбов: Тамбовский гос. ун-т им. Г.Р. Державина, 2011. - С. 11-12.
- 6 Щепельков В.Ф. Уголовный закон: преодоление противоречий и неполноты. - М.: Юрлитинформ, 2003. - С. 247-248.
- 7 Бородин С.В. Преступления против жизни. - М.: Юристъ, 1999. - С. 252.
- 8 Мальцев В.В. Доведение до самоубийства: проблемы квалификации и ответственности // Серийные убийства и их предупреждение: юридические и психологические аспекты: материалы междунар. науч-практ. конф. Ч. 2. - Ростов-н/Д.: РЮИ МВД России, 1998. - С. 54.
- 9 Эльмурзаев Д.И. Уголовная ответственность за доведение до самоубийства: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - М.: Академия управления МВД РФ, 2004. - С. 9.
- 10 Галиакбаров Р.Р. Борьба с групповыми преступлениями. Вопросы квалификации. - Краснодар: Кубанский гос. аграрный ун-т, 2000. - С. 27, 28.
- 11 Козлов А.П. Соучастие: традиции и реальность. - СПб.: Изд-во «Юридический центр Пресс», 2001. - С. 66.

ТҮЙІН

Жолымбаев М.К., заң ғылымдарының кандидаты
E-mail: zholumbaev@bk.ru
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Шалгимбаев М.Х.

E-mail: uupik@mail.ru

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Мақалада Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасында өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу және өзін-өзі өлтіруге ықпал еткені үшін жауапкершілікке тарту мәселелері қарастырылады. Аталған қылмыс құрамының белгілерін түсіндіретін бірыңғай стандарттардың болмауы отандық заңшығарушылардың қызығушылығын туғызып отыр.

Адам өміріне қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға қатысты шет елдің

тәжірибесі қарастырылған. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу және өзін-өзі өлтіруге ықпал етудің арасындағы айырмашылықты көрсеткен.

Авторлар адам өмірін қылмыстық-құқықтық қорғауды жетілдіру мәселелерінде қазақстандық заңшығарушылары терең теориялық тұрғыда талқылауы қажет деген тұжырымды ұсынып отыр.

Түйін сөздер: өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу, кәмелетке толмаған тұлға, өзін-өзі өлтіруге окталу, өзін-өзі өлтіру, өзін-өзі өлтіруге көндіру.

RESUME

Zholumbaev M.K., PhD in Law
E-mail: zholumbaev@bk.ru
Kokshetau university after A. Myrzakhmetov

Shalgimbaev M.Kh.
E-mail: uuipik@mail.ru
Kostanay academy of the IAM of the Republic of Kazakhstan after Sh. Kabylbayev

PERFECTION OF THE CRIMINAL LEGAL PROTECTION OF HUMAN LIFE

Issues connected with the responsibility for the inclination to commit suicide and the assistance to do it in the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan are discussed in the article. Attention is paid to certain difficulties because of the lack of common standards for interpreting these offences features, that is the interest for native legislator.

The experience of foreign countries on crimes criminalization against person's life is also considered in the work. Here is analyzed the difference between bringing to commit suicide and the inclination to commit it.

Authors come to conclusion that in the development of criminal legal guard of human life it is possible to have qualification problems, decision of which demands thorough theoretical thinking by Kazakhstani legislator.

Keywords: bringing to suicide, minor, attempted suicide, suicide, inclination to commit suicide.



А.О. Балгынтаев

PhD докторы

E-mail: aaset.balgyntaev@yandex.kz

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты жанындағы
Сот төрелігі академиясы
Нұр-Сұлтан қ.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялаудың сот тәжірибесінің кейбір мәселелері

Аңдатпа. Мақалада қылмыстық процестегі күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын тергеу судьясымен санкциялаудың сот тәжірибесінде кездесетін мәселелері қарастырылған. Күзетпен ұстауды санкциялау бойынша 2017 және 2018 жылдардың статистикалық мәліметтеріне талдау жасалған. Тергеу судьяларының қызметін талдау нәтижелері бойынша орын алатын бірқатар мәселелер анықталып, оларды жою бойынша ұсыныстар берілген. Қылмыстық сот ісін жүргізуде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын соттың қорғауы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 4 Нормативтік қаулысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Түйін сөздер: судья, бұлтартпау шарасы, күзетпен ұстау, санкция, процестік мерзімдер.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында күдіктінің, айыпталушының (сотталушының) істі қарау мен тергеу кезінде қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық процестік институттардың бірі болып бұлтартпау шаралары табылады. Олар өзінің құқықтық табиғаты бойынша шектеушілік, қамтамасыз етушілік және алдын алушылық сипатқа ие.

А.В. Смирнов, К.Б. Калиновский бұлтартпау шараларын келесідей түсінікпен анықтайды: «болуы мүмкін процессуалдық бұзушылықтардың жолын кесу, сондай-ақ үкімді орындауды қамтамасыз ету үшін айыпталушының, ал айрықша жағдайларда күдіктінің жеке бостандығын шектейтін процессуалдық құрал» [1].

Бұл анықтама қазақстандық күдікті мен айыпталушы категорияларына толығымен сәйкес келмегенімен, бұлтартпау шарасының мәнін ашуға мүмкіндік береді. Жаңа Қылмыстық-процестік кодекстің Қазақстанда қабылдануы күдікті мен айыпталушы сияқты қылмыстық істің фигуранттарына қатысты заңнамалық тәсілдерді өзгерткен болатын. Оған сәйкес тұлға айыпталушы статусын қылмыстық іс бойынша айыптау актісі бекітілгеннен кейін ғана алатынын ескере кеткен жөн.

Қылмыстық процестік заңнама бойынша бұлтартпау шараларының ішінде ең қатал түрі күзетпен ұстау болып табылатыны анық. Ол адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын заң жүзінде шектейтін бірден бір шара болып табылады.

Атап өту керек, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан) 9-бабына сәйкес:

1. Әрбір адамның бостандыққа және жеке басының өміріне қол сұғылмауына құқығы бар. Ешкім де еріксіз қамауда немесе тұтқында ұсталуға тиіс емес. Әркім өз бостандығынан тек қана заң негізінде және сол заңда белгіленген процедураға сәйкес айырылуы мүмкін.

2. Қамауға алынған әрбір адамға қамалған кезінде оның қамауға алынған себептері мен өзіне тағылған кез келген айып жедел түрде хабарланады.

3. Қамауға алынған немесе қылмыстық айыптау бойынша ұсталған әрбір адам судьяның немесе заң бойынша сот билігін жүзеге асыру құқығы бар және ақылға қонымды уақыт ішінде істі сотта қарауға немесе босатуға құзыреті бар басқа лауазымды адамның алдына жедел жеткізілуі тиіс. Сотта ісі қаралуын күтіп отырған адамдарды тұтқында ұстау жалпыға бірдей тәртіп болып саналмауы тиіс, бірақ босату - сотқа келу, сотта ісінің қаралуының қай сатысында болмасын келу, керекті жағдайда үкімнің орындалу кезінде келу кепілдігі берілсе ғана жүзеге асырылады.

4. Қамау немесе тұтқында ұстау арқылы бас бостандығынан айрылған әрбір адамның, оның ұсталуының заңды-заңсыз екендігі туралы сот кідіртпей қаулы шығарып және ұсталуы заңсыз болған күнде оны босату туралы бұйрық беру үшін ісі сотта қаралуына құқығы бар.

5. Қамаудың, я болмаса тұтқында ұсталудың құрбаны болған әрбір адам талаптық күші бар өтемақы төлемдеріне құқылы [2].

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабында көзделгендей:

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы [3].

Бұл маңызды халықаралық құжатта және еліміздің Ата Заңында жеке бас бостандығын шектеуге бағытталған айқындаушы нормалардың болуы және оларды қолдануға соттың рұқсат беруі процестік заңнамада күзетпен ұстаудың тәртібіне қатысты негізгі бастау, принциптер ретінде айқындалады.

Сот тәжірибесі мен статистикалық материалдарды талдау келесіні көрсетеді: 2017 жылдың көрсеткіштері сияқты 2018 жылы да күзетпен ұстау және күзетпен ұстаудың мерзімін ұзартуды санкциялау сияқты сұрақтар алу түріндегі тергеу әрекетінен кейін тергеу судьясымен санкцияланатын ең көп қаралатын материалдар қатарына жатады.

Сот тәжірибесінің 2017 және 2018 жылдардағы күзетпен ұстау бұлтартпау шарасына қатысты статистикалық көрсеткіштеріне [4] нақтырақ тоқталып кетсек. Мәселен, 1-кестеде тергеу судьясының қарауына жататын сұрақтар бойынша көрсеткіштер келесідей:

1-кесте

Кезең	Барлығы келіп түскен материалдар	Күзетпен ұстауды санкциялау туралы қаралған материалдар	Қанағаттандырылған материалдар	Қанағаттандырудан бас тартылған
2017 жыл	59595	17482	16332	1150
2018 жыл	61469	10673	9834	839

Көрнекті берілген статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 55-бабы аясында тергеу судьяларының қарауына жататын сұрақтар бойынша **2017** жылы келіп түскен барлық **59595** материалдың **17482** материалы күзетпен ұстауды санкциялауға арналған, яғни ол **29,33 %** құрайды. Жалпы күзетпен ұстауды санкциялау бойынша **17482** материалдың **16332** қанағаттандырылған екен, ол **93,42%**. Қанағаттандырудан бас тартылғандар саны **1150** материал, яғни **6,58 %**.

2018 жылы барлық келіп түскен материалдар саны **2017** жылға қарағанда **1874-ке**, яғни **3,05 %** өскендігін аңғартады. Сонымен бірге, **2018** жылы күзетпен ұстау бойынша қаралған материалдар саны, **2017** жылмен салыстырғанда, елеулі түрде төмендегендігін байқауға болады. Бұл көрсеткіш **2018** жылы **6809-ға**, яғни **38,95 %** азайған.

2018 жылы күзетпен ұстауды санкциялау бойынша **10673** материалдың **9834** қанағаттандырылған екен, ол **92,14%**. Қанағаттандырудан бас тартылғандар саны **839** материал, яғни **7,86 %**.

Жалпы алғанда, күзетпен ұстауды санкциялау бойынша тергеу судьясына келіп түсетін материалдардың санының азаюы тенденциясының орын алуын елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық саясатпен байланыстыруға болады. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жж. арналған Құқықтық саясат Тұжырымдамасында қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қамауға алуға балама бұлтартпау шараларын, оның ішінде кепілді қолдануды кеңейту үшін жағдай жасауды көздейді [5]. Сонымен бірге, сот тәжірибесінде балама бұлтартпау шараларын қолдануды кеңейту бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен қабылданған шаралар және 2018 жылдан бастап мамандандырылған тергеу соттарының құрылуы түрткі болды деуге болады.

Күзетпен ұстауды санкциялау бойынша қалыптасқан сот тәжірибесінің болуы оны таңдау

кезінде тергеу судьяларында елеулі қиындықтар туғызбайды.

Дегенмен, аталған мақала аясында осы бұлтартпау шарасын сот тәжірибесінде қолдану кезінде туындайтын бірқатар мәселелерге тоқталып кеткенді жөн көріп отырмыз. Бұл мәселелер тергеу судьяларының қызметін талдау нәтижесінде анықталынды.

Біріншіден, көп жағдайда күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауға күдікті, айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынып жүр не істі объективті тергеп-тексеруге немесе сотта талқылауға кедергі келтіреді не қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деген негіздері табылады.

Бұндай жағдайларда қылмыстық қудалау органдары мен прокурор, тергеу судьяларына өтінішхаттармен бірге ҚР ҚПК-нің 147-бабының 1-бөлігінің 4 және 7-тармақшаларында [6] көзделген негіздерді қолдану үшін, объективті мәліметтерді ұсынбайды екен. Осының салдарынан заңи шешім қабылдауға қажет қылмыстық істің материалдарын зерттеуге мүмкіндік болмайды. Тергеу судьяларына ұсынылатын қылмыстық істің материалдарының көшірмелерінде жедел-ізвестіру шараларының және жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері, сондай-ақ күдіктінің іздеуде жүргендігі немесе іздеу жарияланғандығы және қылмыстық әрекетпен айналысып жатқандығы туралы жеткілікті мәліметтер көрсетілмейді екен. Қылмыстық қудалау органдары күдіктіге қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолданудың қажеттілігін ешқандай жолмен негіз деп дәлелдемейді.

Жоғарыда көрсетілген негіздер тергеушінің өтінішхатында және өтінішхатты қолдау туралы прокурордың қаулысында формальды түрде күдікті тергеу органдарынан жасырынуы мүмкін немесе қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастырады деген жалпы сөздермен шектеледі, ал бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мерзімдердің қысқа болуы судьяға мұндай негіздердің бар жоғын толық анықтап тексеруге мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты тергеу судьялары ҚР ҚПК-нің 148-б. 9-б. сілтеме жасай отырып, басқа негіздер болғанның өзінде өтінішхатта көзделген сөз тіркесін қолданумен шектелуге мәжбүр.

Осы себептен күдікті тергеу органдарынан жасырынуы мүмкін немесе қылмыстық әрекетпен айналысуды жалғастыратындығы туралы жеткілікті және растайтын мәліметтердің жоқтығы туралы күдікті мен қорғаушылардың ҚР ҚПК-нің 107-б. көзделген тәртіпте келтірілетін күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы тергеу судьясының қаулысына келіп түсетін шағымдардың көбінде көрсетіледі екен.

Осындай жағдайлардың алдын алу және бұл процедураны нақтылау мақсатында заң жүзінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарын бұлтартпау шарасын қолдануға санкция беру туралы соттың алдында өтінішхатты қозғау туралы қаулы мен бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыда міндетті түрде ҚР ҚПК-нің 136-б. 1-б. мен 138-б. 1-б. көзделген негіздердің бар-жоғын айқындайтын нақты фактілер мен мән-жайларды және расталған мәліметтер мен дәлелдемелерді көрсетуін міндеттеу қажет.

Ұқсас жағдай тергеу судьясының күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты күдіктінің, айыпталушының қатысуынсыз қараған кезде де туындайды (ҚР ҚПК-нің 148-б. 4-б.). Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары күдіктіге, айыпталушыға ізвестіру жарияланғандығы туралы қаулының көшірмесі немесе әрекеттің сараланғандығы туралы өзге де материалдарды ұсынумен шектеледі екен.

Сондықтан күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын күдіктіге қатысты сырттай санкциялау бойынша құжаттар тізбесіне күдіктінің шынында да қылмыстық қудалау органдарынан жасырынып жүргендігі фактісін анықтау үшін алғашқы ізвестіру шараларының (күдіктімен бірге тұратын адамдардан, туысқандардан, көршілерінен, таныстардан жауап алу, тиісті мекемелерге сауал жіберу және олардың жауабы және т.б.) материалдарының көшірмесін қосу керек.

Екіншіден, күдіктіге (айыпталушыға) бұрын күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған қылмыстық істердің материалдарын талдау келесіні көрсетеді: сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары күдіктінің әрекетін 5 жылдан астам мерзімге бас бостандығын айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмысқа қарағанда жеңілдірек қылмысқа қайта саралаған кезде көп жағдайларда бұлтартпау шарасын қолдануға қосымша негіздердің болуы-болмауына қарамастан, ол өзгеріссіз қала береді екен.

Біздің ойымызша, ҚР ҚПК егер айып жеңілдірек қылмысқа өзгерген және бұл бұлтартпау шарасын қолдануға қосымша негіздер жоқ болған жағдайда адамды күзетпен ұстаудан дереу босатуы көздейтін нақты ереженің жоқ болуы себеп болып табылады.

Как отметил в своем Послании Глава государства Н.А. Назарбаев, в мире началась очередная, четвертая, промышленная революция, в ходе которой осуществляется повсеместная цифровизация экономики. Первый приоритет - это ускоренная технологическая модернизация экономики. Мы должны культивировать новые индустрии, которые создаются с применением цифровых технологий. Это важная комплексная задача. Необходимо развивать в стране такие перспективные отрасли, как 3D-принтинг, онлайн-торговля, мобильный банкинг, цифровые сервисы, в том числе в здравоохранении и образовании, и другие. Эти индустрии уже поменяли структуру экономик развитых стран и придали новое качество традиционным отраслям. Также важно обеспечить развитие коммуникаций, повсеместный доступ к оптоволоконной инфраструктуре. Развитие цифровой индустрии обеспечит импульс всем другим отраслям. Поэтому вопрос развития IT-сферы Правительство должно держать на особом контроле. Основным фактором здесь должно стать повсеместное внедрение элементов Четвертой промышленной революции. Это автоматизация, роботизация, искусственный интеллект, обмен «большими данными» и другие. На этом фоне, состояние безопасности становится мерилom сильного и дееспособного государства, так как все большую актуальность приобретает борьба с киберпреступностью [1].

В настоящее время подавляющее количество таких преступлений совершается с использованием так называемых «анонимных сетей», в которых собираются как любители нелегального скачивания музыки и видеоконтента, так и серьезные преступники: торговцы наркотиками и оружием, детьми и детской порнографией, террористы и экстремисты. Прежде всего, их привлекает относительная безнаказанность и защищенность анонимных сетей. Анонимайзеры – это либо сайты, либо компьютерные программы и приложения. Задача анонимайзера – спрятать от посторонних информацию о том, какие страницы и когда вы

посещаете, что вы скачиваете, чем делитесь с другими и так далее. При этом можно не только посещать привычные страницы, но и подключиться к анонимным сетям, называемым по-разному: Darknet, Hidden Services или же Deepweb [2].

Как работает обычный интернет? Вы посылаете запрос на сервер вызываемого вами сайта и оставляете там свои данные. Все ваши действия, как правило, в том или ином виде хранятся на серверах интернет-страниц, куда вы заходили. За всеми действиями легко проследить по уникальному IP-адресу, по которому можно вычислить и реального пользователя. В анонимных сетях все выглядит по-другому. Большинство из них работает децентрализованно. Например, страницы анонимных сетей просто так через Google не найти. Вместо этого существуют просто списки страниц, которые собирают такие сервисы, как Newzbin Search или Hidden Wiki. Нажимая на линк, вы сразу попадаете в частный компьютер, который работает одновременно и как сервер. Между вашим компьютером и другим устройством начинается передача данных без привычных посредников [2].

По некоторым данным, обнародовавший информацию о программе электронной слежки экс-агент американских спецслужб Эдвард Сноуден тоже пользовался Darknet, чтобы установить контакт с редакцией газеты The Guardian, журналистам которой он передал сведения о деятельности западных спецслужб. Считается, что создатели децентрализованных анонимных сетей сделали достаточно бессмысленной едва ли не главную цель спецслужб и других структур, интересующихся поиском личных данных, - получение метаданных. В Darknet любой пакет данных отправляется на три случайным образом выбранных компьютера-сервера. В итоге невозможно проследить, кто, когда, кому и что именно отправил [2].

Главная технология, поддерживающая Darknet – это TOR-сети (TOR – аббревиатура от «The Onion Router» - луковичная маршрутизация). Пакет данных, передаваемый по узлам сети, многократно шифруется. Узел, получивший пакет, не знает, куда отправить его дальше, пока не снимет с пакета свой «слой» криптозащиты (как шелуху с луковицы). Сняв этот слой, узел получит указания о дальнейшем маршруте пакета. Цепочка узлов между двумя пользователями, обменивающимися сообщениями, выстраивается случайным образом. Перехват трафика на любом из узлов цепочки не даст перехватившему информацию о том, кто кому отправил данные. Например, по случайно подобранному узлам из точки А (где сидит педофил) в точку Б (торговец детьми) сеть пробрасывает канал связи и передает пакет зашифрованных данных. Другой пакет уйдет другим маршрутом. Ни отправитель, ни получатель не знают друг друга. Наблюдатель, даже если ему удастся физически подключиться к каналам связи, увидит хаотичное движение пакетов данных, про некоторые из которых в лучшем (и крайне маловероятном) случае можно будет сказать, где он возник и куда прибыл. Но кто и чем обменялся, без оперативников выяснить вряд ли получится [3].

Вместе с тем, правоохранительные органы многих стран в последнее время осуществляют успешные операции по выявлению и раскрытию преступлений в этой высокотехнологичной сфере.

Примером может служить международная операция Ongoing, проведенная в ноябре 2014 года рядом европейских стран и США, при координации Европейского Центра по борьбе с Киберпреступностью. Операция объяснялась тем, что возникла необходимость остановить «темные» рынки, распространение и рекламу запрещенных и вредных элементов, в том числе наркотиков и оружия. В ходе операции был закрыт ряд рынков Darknet многих других скрытых сервисов, работающих на анонимной сети TOR. В результате были арестованы 17 продавцов и администраторов, работающих на интернет-площадках, закрыто более 410 скрытых сервисов и 27 различных сайтов. Кроме того, было конфисковано 180 000 евро, наркотики, золото и серебро. Сервис Silk Road 2.0 был заморожен ФБР, оператор арестован [4].

Американские и европейские агентства опубликовали заявления об успехе этой операции, которая продолжалась шесть месяцев. Эксперты отмечают, что такой результат мог быть достигнут несколькими путями. Количество сайтов, в которые проникла полиция, привело к предположению, что использовались некие уязвимости в самой сети TOR. По некоторым данным, такая уязвимость была обнаружена Университетом Карнеги-Меллон. Суть ее состоит в следующем: если достаточное количество узлов сети были DDoS-атакованы, нападающий может выполнить опознание трафика в сочетании с атакой Сибил, заставляя трафик обходить узлы, контролируемые правоохранительными органами, для вычисления реального IP-адреса сайта. Кроме того, полиция могла использовать для этого криптовалюту Bitcoin [4].

Следующая подобная операция была проведена уже в глобальном масштабе в октябре 2016 года. Она получила название «Титан». В отличие от предыдущей операции, основной акцент был сделан на профилактику криминального оборота в Darknet. Нескольким тысячам выявленных покупателей и продавцов наркотиков было сделано предупреждение о незаконности их деятельности, а для посетителей сети – уведомление о возможности контроля за ней со стороны правоохранительных органов и специальных служб. Коалицию составили несколько американских ведомств (например, Бюро алкоголя, табака, огнестрельного оружия и взрывчатых веществ), а также Европол и

правоохранительные органы Великобритании, Австралии, Ирландии, Нидерландов, Франции, Испании и Финляндии. Кроме того, были задействованы полицейские службы других стран. Так, в Новой Зеландии были деанонимизированы и допрошены 160 человек, в Канаде был арестован торговец наркотиками, а в Швеции полиция рассекретила более 3 000 покупателей [5].

Изучение материалов этих операций позволило выделить ряд методов, используемых для этого полицией. В Новой Зеландии полиция отслеживала посылки, пересылаемые по почте, определяя отправителя и адресата. Отслеживание посылок – самое уязвимое место в цепочке Darkweb-продаж. Несмотря на криптомессенджеры и TOR, которые успешно скрывают местонахождение обеих сторон, в западных странах доставка наркотиков зачастую приходится на имя или домашний адрес покупателя. При этом используется открытая информация, размещенная в открытом Интернете, так как некоторые Darknet-магазины рекламируют там свои услуги и товары [5].

Существуют и другие методы полицейской работы при деанонимизации пользователей Darknet: работа «под прикрытием», использование массовой слежки, использование изъятых данных (например, у одного наркодилера нашли список всех его клиентов из Darknet), отслеживание денег (в ФБР США есть специальный отдел для работы с Bitcoin и другими псевдоанонимными криптовалютами) [5].

Действенным методом является взлом подозрительных сервисов и сайтов в Darknet. Дело в том, что TOR – технология, созданная в исследовательском подразделении ВМС США, и маловероятно, чтобы не существовало никаких средств ее контроля. Благодаря Сноудену стало известно об аналогичном сотрудничестве АНБ США с компанией RSA Security, которая поставляла уязвимые средства криптозащиты, а АНБ знало об уязвимости [3].

Более того, известны случаи, когда специальная программа с нелегальных сайтов скрыто отправляла на сервера спецслужб данные о посетителях. Схема выглядит следующим образом. Протокол, гарантирующий целостность передачи данных в сети, один, а количество портов ограничено, даже простым перебором специалист может вычислить тот, по которому идет соединение. В Darknet нет доступа извне, но зато есть точки выхода в обычный Интернет – и провайдеры, имеющие доступ ко всем компьютерам внутри своей сети. Шифрование канала и нестандартные порты позволяют скрыть разовый визит на сайт, но постоянных пользователей как обычного, так и глубинного Интернета обнаружить вполне реально, если такую задачу поставит перед собой специалист. Чем дольше длится сеанс передачи данных, тем легче вычислить узлы обмена, и этим пользуются как хакеры, так и сотрудники спецслужб [6].

Правоохранительные органы постоянно работают над этим вопросом. Так, в 2014 году МВД России размещало на сайте госзакупок собственный заказ на взлом TOR с бюджетом в 3,9 млн рублей. Исполнителем стал Центральный научно-исследовательский институт экономики, информатики и систем управления, но контракт с ним почему-то был расторгнут год спустя без объяснения причин. При этом, как минимум, идентифицировать пользователей сети российские оперативники явно научились (или почти научились) [6].

Кроме того, помимо правоохранительных органов, в изобличении преступников в Darknet заинтересована еще одна сила – так называемое хакерское ополчение, называемое Anonymus. Это группа хакеров-анархистов, атакующая государственные и корпоративные веб-сайты под маской Гая Фокса. В феврале 2017 года они вывели из строя более 10 тысяч сайтов крупного Darknet-провайдера Freedom Hosting II. Таким образом группа отомстила за распространение детского порно, а все пароли и явки скопированы с целью передачи в руки правоохранительных органов. Ряд специалистов полагают, что успех Anonymus мог обеспечить слив информации изнутри: на это указывают масштабность цели и короткие сроки проведения операции, как если бы подрывники изначально знали узлы, между которыми шел обмен данными [6].

Нужно учитывать разницу в ресурсах, которыми располагают спецслужбы и вольные хакеры, но методы в принципе одни – найти, заблокировать и рассекретить, после чего правоохранители могут изымать жесткие диски и проводить аресты. При этом оперативники ограничены политикой, в рамках которой без доказательных аргументов, исков и постановлений у них нет права на доступ и анализ данных. С этой точки зрения самым приемлемым методом остается классика: контрольная закупка и поиск открыто опубликованной преступником информации (например, на форумах). Но вольным хакерам такие формальности не помеха, они любят и умеют добывать компромат. И, по странному стечению обстоятельств, данных с Freedom Hosting II, обнародованных группой Anonymus через торренты, вполне может хватить для целого ряда уголовных дел [6].

Анализ показывает, что выявление и раскрытие киберпреступлений не ограничивается сложными техническими схемами. Они успешно сочетаются с традиционными методами, например, «работой под прикрытием».

Так, несколько лет назад в Darknet функционировал сервис Silk Road («Шелковый путь») – крупный виртуальный черный рынок, основной товарооборот которого состоял из наркотиков, поддельных документов и хакерского софта. Он был ликвидирован усилиями ФБР, которое внедрило туда множество осведомителей и агентов в рамках операции «Марко Поло» (в честь купца, первым давшего описание реального Шелкового пути). Правда, через несколько месяцев

появилась вторая версия рынка. Однако через год Silk Road 2.0 был бесповоротно закрыт в рамках вышеупомянутой операции Onymous [6].

Больше всего «Шёлковый путь» напоминал площадку eBay, только попасть туда можно исключительно через анонимный браузер TOR, а вместо подержанных тостеров и винтажных платёв там продают кокаин, героин и ЛСД. Сайт предоставлял площадку и финансовые гарантии для дилеров и их клиентов, а сам брал себе комиссию с каждой сделки. Все операции осуществлялись в биткоинах, а покупки зачастую посылались обычной почтой. Причем ФБР ещё на первых этапах развития ресурса удалось внедрить в администрацию своего агента, который завоевал доверие у руководителей и получил доступ к закрытым разделам сайта [7].

Затем можно использовать стандартные полицейские методы, связанные с наблюдением за обитающими в TOR конкретными людьми и организациями.

После этого может быть применен еще один метод – заказать у преступников товар и постараться проследить путь его доставки.

Существует возможность проследить преступные сделки в момент их оплаты. Но эта возможность призрачна: для расчётов за преступные покупки используют криптовалюту, как правило, Bitcoin. Как и в случае с TOR, функционирование Bitcoin технологически обеспечивается сетью компьютеров, владельцы которых установили софт, необходимый для накопления и переводов криптовалюты. Поэтому проследить платежи в Bitcoin сложно, как и переписку в Tor. У Bitcoin как средства платежа есть очевидные достоинства, одно из них – невозможность централизованной эмиссии, вследствие чего количество Bitcoin, как и золота, физически ограничено. Из-за этого и других достоинств во многих странах использование Bitcoin так или иначе разрешено, так что возможно превратить криптовалюту в доллары или евро [3].

Здесь на первый план выходит оперативная работа. По мнению экспертов, специализирующихся на расследованиях киберпреступлений, совершенных с помощью высоких технологий, распределение усилий между сыскной работой и IT-средствами для уничтожения преступных сообществ в Darknet оценивается как 70 на 30 процентов. Основная тяжесть противодействия лежит на оперативниках, а не на аййтишниках. Оперативникам Darknet действительно создаёт проблемы, но скорее дополнительные, чем непреодолимые. Преступный трафик, после того как приходит на компьютер злоумышленника, всё равно становится вещественным доказательством, независимо от того, насколько хорошо он зашифровался по дороге. Обнаружить техническими средствами факт передачи зашифрованных данных, как и применение TOR, можно [3].

Таким образом, несмотря на техническую сложность всех вышеприведенных схем, основной принцип их разоблачения остается неизменным: «от лица, склонного к совершению правонарушения – к самому правонарушению».

Подытоживая сказанное, можно отметить, что методика выявления преступлений в сфере высоких технологий представляет собой комплекс оперативно-розыскных мер, сочетающих в себе как технические действия (проводимые преимущественно на сетях коммуникаций), так и традиционную оперативно-розыскную деятельность (ОРД).

В свою очередь, методика их раскрытия также представляет собой комплекс мер, с той лишь разницей, что вместо методов ОРД используются институты уголовного процесса – негласные следственные действия и розыскные меры.

В то же время очевидно, что такие методики должны быть серьезно адаптированы под изучаемую сферу, которая является сложной и динамично развивающейся областью жизнедеятельности общества и государства.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность: Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>

2 «Темная сторона» Интернета. Шпионский скандал вызвал всплеск интереса к анонимным сетям // <https://korrespondent.net/business/web/1583744-temnaya-storona-interneta-shpionskij-skandal-vyzval-vsplesk-interesa-k-anonim-nym-setyam>

3 «Тёмный Интернет»: бороться с преступниками, а не с технологиями // <https://ria.ru/analytics/20141216/1038454716.html>

4 Операция Onymous // https://ru.wikipedia.org/wiki/Operation_Onymous

5 Операция «Титан»: как полиция деанонимизировала покупателей наркотиков в Даркнете по всему миру // <http://www.furfur.me/furfur/changes/changes/219311-hyperion>

6 Борьба с черными рынками интернета больше не обречена на провал // <https://vz.ru/society/2017/5/10/867799.html>

7 Как ФБР удалось поймать Блейка Бенталла? // <https://apparat.cc/network/silk-road-busted/>

ТҮЙІН

Сысоев А.К., докторант
E-mail: zhailaukhan.aigul@gmail.com
Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

**ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ АНЫҚТАУ
МЕН АШУ ӘДІСТЕМЕСІ ТУРАЛЫ**

Мақалада жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды анықтау мен ашу мәселелері қарастырылады. Қазіргі заманғы киберқылмыстар жасырындылығының жоғары деңгейімен және күрделі әдістерді қолдануымен сипатталады. Оларға қарсы тұру үшін дәстүрлі полиция әдістерін және жаңа ақпараттық технологияларды үйлестіру қажет. Мұндай қылмыстық көріністерге қарсы тұру бойынша шет елдердің тәжірибесі зерделенді. Осы негізде Қазақстандағы құқық қорғау органдарының арнайы әдістемесін әзірлеу қажеттілігі туралы қорытынды жасалады. Жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды анықтау және анықтау туралы түсінік беріледі.

Түйін сөздер: жоғары технологиялық қылмыс, «жасырын» Интернет (Darknet), TOR анонимдік бағдарлама, Onymous операциясы, Titan операциясы.

RESUME

Sysoyev A.K., doctoral student
E-mail: zhailaukhan.aigul@gmail.com
Karaganda academy of IAM of the Republic of Kazakhstan after B. Beisenov

**ABOUT THE METHOD OF IDENTIFICATION AND DISCLOSURE THE CRIMES
IN THE SPHERE OF HIGH TECHNOLOGIES**

This article deals the question of detection and disclosure of crimes in the sphere of high technologies. Modern cybercrimes are characterized by increased latency and the use of sophisticated methods characterized committing. In order to avoid such crimes they need a combination of traditional police methods and new information technologies. The experience of foreign countries in counteracting these criminal manifestations is studied. On this basis a conclusion is drawn on the need to develop a special methodology for law enforcement agencies in Kazakhstan. The concepts of crime detection method in the field of high technologies are given.

Keywords: high tech crime, the «shadow» Internet (Darknet), anonymizing program TOR, operation Onymous, operation Titan.



Н.Д. Тлешалиев

докторант

E-mail: ali_2301@mail.ru

Каспий қоғамдық университеті
Алматы қ.

Қылмыстық жаза түсінігі, жүйесі және тиімділігі

Аңдатпа. Мақалада 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген Қылмыстық кодексе бойынша жаза түсінігі, жаза жүйесі қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді. Қылмыстық кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түрінде жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Ал, қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмысқа тарту, қамауға алу түрінде жаза көрсетілген, айыпты жасалған іс әрекет (әрекет не әрекетсіздік) мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, жаза, жазаны атқару, сотталған, қамақ үйлері, тергеу изоляторы, айыппұл, бас бостандығынан айыру.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар [1].

2014 жылғы 03 шілдеде қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді [2].

Л.В. Багри-Шахматов жаза жүйесін қылмыстық заңмен толықтырылған, толыққанды өзгерістерге ұшырамаған, белгілі бір тәртіпте орналасқан соттар үшін жаза тағайындауда міндетті түрде қолдану керек деп анықтады [3, б. 48].

Қылмыстық заңнамаға сәйкес жаза келесі түрлерде болады: Н.С. Таганцевтің пікірінше, жаза тізімінің құрылысы қарапайым, революцияға дейінгі құқықтық әдебиеттерде жаза түрлерінің қарапайым әдісі жазылған, жаза жүйесі бұл Қылмыстық кодекстің олардың өзара бағыныстылығында немесе жазалау шаралары жиынтығы болып табылады деп есептейді [4, б. 75].

Қылмыстық заңнамаға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Қылмыстық кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Қылмыстық заңнамаға сәйкес қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар: 1) айыппұл; 2) түзеу жұмыстары; 3) қоғамдық жұмыстарға тарту; 4) қамаққа алу қолданылуы мүмкін.

Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар: 1) айыппұл; 2) түзеу жұмыстары; 2-1) қоғамдық жұмыстарға тарту; 3) бас бостандығын шектеу; 4) бас бостандығынан айыру; 5) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар: 1) мүлкін тәркілеу; 2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3-1) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру; 4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін [2].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінде 99-баптан 467-бап аралығында қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары қарастырылған. Олардың ішінде қылмыстық теріс қылықтың 109 құрамы, сонымен қатар 25 құрам теріс қылықтың сараланған құрамы қарастырылған. Ал қылмыс 260 бап құрамында қарастырылған.

Қылмыстық теріс қылыққа тағайындалатын жазалар, яғни айыппұл – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде белгіленеді. Қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – төленбеген бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартумен не төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қамаққа алумен ауыстырылады.

Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде белгіленеді. Қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – өндіріп алынбаған бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты, өндіріп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не қамаққа алуға ауыстырылады.

Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін – жиырмадан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін екі жүзден бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды өтеу уақыты кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі, сонымен қатар қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – қоғамдық жұмыстардың орындалмаған төрт сағаты үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.

Е. Қайыржанов өз кезегінде, қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында жаза тағайындау маңызды кезең болып табылады. Сот таңдаған жаза жасаған қылмыстың әлеуметтік қауіптілігінің шынайы шарасы, сондай-ақ қылмыскерді түзеудің ең қысқа тәсілі, сотталған адамның және басқа адамдардың қылмыстың алдын алудың тиімді құралы болуы тиіс деп атап өткен [5, б. 78].

Соттар қылмыстық теріс қылық жасаған не бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ, олардың түзелу мүмкіндігі туралы мәселені талқылаулары және ҚК-нің 65, 66, 67, 68, 69, 70-баптарында көрсетілген негіздер болған кезде ондай адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатулары жөн. Соттың адамды қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ түзеуге болатындығы туралы тұжырымы істің мән-жайларын жан жақты, толық және объективті түрде зерттелуге әрі сотталушының жеке басына қатысты мәліметтерге негізделуге тиіс [6].

Қылмыс жасағаны үшін тағайындалатын, айыппұл айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді.

Түзеу жұмыстары онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғандарға –

өндіріп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығын шектеудің немесе бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға; ауыр қылмыс үшін сотталғандарға өндіріп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Қоғамдық жұмыстар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін екі жүзден бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды өтеу уақыты кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі.

Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі.

Бас бостандығынан айыру сотталған адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне жіберу арқылы оны қоғамнан оқшаулаудан тұрады. Бас бостандығынан айыруға сотталған, үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне орналастырылады.

Қылмыстық кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстары үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он жылдан аспайды.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру – аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

Өлім жазасы – ату жазасы адамдардың қаза табуымен ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтінішхат беру құқығы беріледі.

Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтаған кезде соттар ҚК-нің 11-бабында көзделген оның ауырлығын, сондай-ақ құқық бұзушылық жасалған кездегі мән-жайлардың (жасау тәсілі, кінәнің түрі, себептер мен мақсаттар, іс-әрекеттің аяқталу кезеңі, туындаған зардаптардың қоғамға қауіптілік дәрежесі және т.б.) жиынтығын ескеру керек.

Соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет. Соттар жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 52-бабының үшінші бөлігіне сәйкес тағайындалған жазаның сотталушының отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалын ескерулері қажет [6].

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін негізгі жазалармен қатар мынадай қосымша жазалар тағайындалады: мүлікті тәркілеу – сотталған адамның меншігіндегі, қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру.

Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде сот кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оны арнаулы, әскери, құрметті немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыра алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, сол сияқты Қазақстан Республикасының Президенті берген арнаулы, әскери, құрметті немесе өзге де атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі немесе біліктілік сыныбы бар адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде сот үкім шығарғанда сотталған адамды осы наградалардан, атақтардан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы ұсыныс енгізе алады, ал сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру мемлекеттің сотталған адаммен орнықты саяси-құқықтық байланысты мәжбүрлі тоқтатуынан тұрады, бұл олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді.

Он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға Қазақстан Республикасының азаматтығынан

айыру тағайындалмайды.

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу жазаның қосымша түрі ретінде тағайындалуы мүмкін және жазаның негізгі түрі өтелгеннен кейін орындалады.

Қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп танытын ҚК-нің бабында белгіленген шектерде тағайындалады. Егер қосымша жаза ҚК-нің 49 немесе 50-бабының негізінде қолданылса, оның мерзімі жазаның осы түрі үшін заңмен белгіленген шектерден аспауы керек.

Қылмыстық заң бабының санкциясы қосымша жазаны қолдану немесе қолданбау мүмкіндігін көздеген жағдайларда, соттар оны тағайындау туралы мәселені талқылауға және қабылданған шешімнің себебін үкімде көрсетуге міндетті. Мұндай жағдайларда қосымша жазаны қолданбау үкімнің қарар бөлігінде көрсетілмейді.

Сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК-нің бабы санкциясында мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде көзделген жағдайларда ғана ол тағайындалуы мүмкін. Тәркілеуге жататын мүлік үкімнің қарар бөлігінде анық көрсетілуге тиіс. Тәркілеу сотталғанның және (немесе) үшінші тұлғалардың меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікке ғана қолданылуы мүмкін.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру қосымша жаза ретінде қылмыстық құқық бұзушылықты саралаған ҚК-нің ерекше бөлігінің бабында жаза ретінде көзделмесе де тағайындалуы мүмкін. Мұндай жағдайда үкімнің қарар бөлігіндегі қосымша жаза тағайындау туралы шешімде тиісінше ҚК-нің 49-бабына немесе 50-бабына сілтеме жасалуға тиіс [6].

Сот адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде үкімді шығарумен бірге ҚК-нің 49-бабының екінші бөлігінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Республикасы Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру жөнінде ұсыныс енгізу туралы мәселені қарауға тиіс. Награданы мемлекеттік награда екенін анықтау үшін "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алу қажет. Осы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары жемісті мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық қызметі, еңбектегі және жауынгерлік ерліктері үшін, олардың Республикаға сіңірген еңбегінің танылуының белгісі ретінде мемлекеттік наградалармен наградталады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың да наградталуы мүмкін. Мемлекеттік наградалармен наградтауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері - "Алтын Қыран" ордені, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да ордендері, медальдары, құрметті атақтары және Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болып табылады.

Қазақстан Республикасының ордендері мыналар: "Отан"(Отечество), "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" (Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Нурсултан Назарбаев), "Барыс" (Барс), "Даңқ" (Слава), "Айбын" (Доблесть), "Парасат" (Благородство), "Достық" (Дружба), "Құрмет" (Почет), "Еңбек Даңқы" (Трудовая Слава) жатады [7].

Қазақстан Республикасында мынадай құрметті атақтар белгіленеді: "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" (Заслуженный деятель Казахстана); "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" (Летчик-космонавт Казахстана). "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар [7].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айырған кезде олар және оларға қоса берілген құжаттар Қазақстан Республикасының Президентіне қайтарылуға тиіс.

С.В. Полубинская әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатына жету дәрежесінің көрсеткіштерін өлшеу қиындықтарына байланысты бұл мақсат заңмен белгіленбеуі тиіс деп есептейді [8, б. 23].

И.С. Ной жазалаудың міндеті негізінен қорқытуға емес, түзету мен қайта оңалтуға негізделген, себебі бұл жағдайда тек алдын ала арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізуге болады деген пікірді қалыптастырады [9, б. 140].

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға тағайындалатын негізгі жазаның бірі қамаққа алу жазасы он тәуліктен елу тәулікке дейін емес, бір айдан алты айға дейінгі мерзімге

тағайындалуы тиіс. Себебі қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді. Сол секілді тағайындалатын жазалар да бір келкі болу керек.

Сонымен қатар қылмыстық теріс қылыққа тағайындалатын негізгі жазалармен қатар тағайындалатын қосымша жаза ретінде тек қана белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза тағайындалуы керек деп есептейміз.

Ал қалған қосымша жазалар, яғни мүлкін тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру, Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қылмыстық теріс қылыққа тағайындалған жағдайда негізгі жазаға қарағанда ауыр болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // <http://online.zakon.kz> (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ кодексі // <http://adilet.zan.kz> (09.01.2018 жағдайымен).

3 Багрий-Шахматов Л.В. Уголовная ответственность и наказание. - Мн., 1976. – 139 с.

4 Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Ч. 1: общая. - М., 1994. - Т. 2. - С. 75.

5 Каиржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан: учебник. - Алматы: Изд. «Юридическая литература», 2006. – 97 с.

6 Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 Нормативтік қаулысы.

7 Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 Заңы.

8 Полубинская С.В. Цели уголовного наказания / С.В. Полубинская. – М., 1990. – 142 с.

9 Ной И.С. Сущность и функции уголовного наказания в советском государстве: политико-юридическое исследование / И.С. Ной. – Саратов: Изд-во Саратов, ун-та, 1973. – 192 с.

РЕЗЮМЕ

Тлешалиев Н.Д., докторант

E-mail: ali_2301@mail.ru

Каспийский общественный университет, г. Алматы

ПОНЯТИЕ, СИСТЕМА И ЭФФЕКТИВНОСТЬ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ

В работе рассмотрено значение эффективности уголовного наказания, представлена дискуссия о критериях и показателях эффективности уголовного наказания. Анализируется положение о том, допустимо ли эффективность наказания определять через степень достижения сформулированных перед ним уголовным законом целей, могут ли цели наказания являться показателями, критериями для оценки эффективности самого наказания. При исследовании эффективности наказания в статье рекомендуется выделять эффективность системы наказания, эффективность назначения, эффективность уголовно-правовых норм о наказании. В заключение делается вывод, что только системное исследование указанных видов эффективности позволит более качественно оценить результативность самого наказания.

Ключевые слова: уголовные правонарушения, преступления, уголовный проступок, наказания, исполнение наказания, осужденный, арестные дома, следственный изолятор, штраф, лишение свободы, ответственность, преступность.

RESUME

Tleshaliyev N.D., doctoral student
E-mail: ali_2301@mail.ru
Caspian Public University, Almaty

THE CONTENT, THE SYSTEM AND CRIMINAL PUNISHMENT EFFECTIVENESS

The article examines the importance of criminal punishment effectiveness, presents a discussion of the criteria and indicators characterized the effectiveness of criminal punishment. The author analyzes the situation on whether the effectiveness of punishment is permissible to determine, through the degree of goals achievement formulated by his criminal law, whether goals of punishment can be indicators, criteria for assessing the effectiveness of the punishment itself. In the study related to effectiveness of punishment, the article highlights the effectiveness of the punishment system, the effectiveness of the appointment, the effectiveness, with which criminal law on punishment characterized. In conclusion, you can say that only a systematic study of these types of effectiveness will allow a better assessment of the effectiveness that the punishment itself possesses.

Keywords: criminal offenses, crimes, criminal misconduct, punishment, execution of punishment, convict, arrest houses, remand prison, fine, imprisonment, responsibility, crime.



А. Сабыр

докторант

E-mail: sabyr_2017@mail.ru

Қожа Ахмет Яссауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ.

Қазақстандағы трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану жөнінде

Аңдатпа. Қазақстанда судың экологиялық проблемасы трансшекаралық сипат алып отыр. Елімізді сумен қамтамасыз ету өзекті, сапалы ауыз су жеткіліксіз, ал бірқатар өңірлер суға зәру. Су объектісі шаруашылық қызмет түрлерін жүргізу барысында антропогендік әсерге ұшырап отыр. Аталған жағдайдың геосаяси аспектісі де бар. Бүгінде еліміз трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануға байланысты маңызды сұрақпен бетпе-бет келіп отыр. Мәселе күрделі болғанымен де оның саясиленуіне жол берілмеуі тиіс.

Автор мақалада ҚХР Үкіметі мен ҚР Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендер туралы келісімнің күйі, сондай-ақ халықаралық экологиялық қауіпсіздікке қолсұғатын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық мәселесін қарастырады.

Түйін сөздер: су объектісі, трансшекаралық өзендерді пайдалану, трансшекаралық өзендердің ластануы, халықаралық экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық, ҚХР Үкіметі мен ҚР Үкіметі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

Таза су ресурстарына әрбір адамның құқығының болуы, су ролінің ерекшелігі, су көлемін сақтап қалу жағдайы су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешудің негізі болып танылады.

Орталық Азия мемлекеттеріндегі ірі өзендердің бәрі трансшекаралық өзен болып есептеледі. Тек Қырғызстанда ғана су ресурстары өз жерінде құрастырылған. Қазақстан суға тәуелді мемлекетке жатқандықтан, трансшекаралық өзендерді тиімді пайдалану мәселесі өте маңызды. Жылына сумен қамтамасыз етудің үлес салмағы км² шаққанда 37 мың м³, бір адамға шаққанда – 6,0 мың м³ болады.

Елімізде трансшекаралық өзендерге қатысты шешімін таппаған жағдайлар өте көп. Бұл мәселе суды бөлу, рационалды пайдалану мен қорғау, су сапасын реттеу, суды ластағаны үшін жауаптылық, келтірілген шығындарды өтеу және т.б. себептермен байланысты.

Қазақстанның негізгі су қорлары – Ертіс, Сырдария, Іле, Шу, Талас және т.б. трансшекаралық өзендердің ластануын жалғастыруда. Еліміздің ішкі өндіріс орындарында (Теміртау, Өскемен, Балқаш, Шымкент, Тараз, т.б. қалаларда) пайдаланылған сулар тазаланбай су алаптарына жіберіліп жатыр. Сонымен қатар, еліміздің өзендеріне Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан аумақтарынан құятын сулардың өзі лас болып келеді. Ертіс Қаратал, Ақсу Лепсі, Тентек, Көксу, Ертіс өзендерінің сулары ақпа сулармен ағып келетін ауыр металдармен ластанған (мыс, цинк, кадмий, қорғасын, мышьяк (күшән) және т.б.).

Ертіс пен Іле суының таязуы «Батысты игеру» желеуімен жоғарғы ағарындағы өзендерді шектен тыс пайдаланып жатқан Қытай қарекетінің нәтижесі, деген сарапшылардың пікіріне орай ой өрбітсек.

«Трансшекаралық су көздерін пайдалану және қорғау төңірегінде Мемлекеттер ортақ

суды орынды пайдалану, өзінің ғана емес, өзгенің де қажеттілігін ескеру, экономиканың өсуін, экологиялық ахуалдың өзгерістерін болжап-бағамдау, нақты дәлелдеу арқылы ортақ мәмілеге келуі тиіс. Осы тұста ортақ игілікті ешкімнің мүддесіне нұқсан келмейтіндей қалай бірігіп тиімді пайдаланамыз деген мәселені сол елдердің мамандары бірлесе отырып ойластырып-негіздеуі, үкіметтер деңгейінде келісе жүзеге асыруы керек.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Қытай арасында трансшекаралық өзен мәселесі туралы мемлекетаралық келісімнің жасалғаны көпшілік назарында. Дегенмен, оның бүгінгі орындалу жайы Қазақстан үкіметін де ойландырмай отырған жоқ. Қытай – БҰҰ-ның «Халықаралық көлдер мен трансшекаралық су көздерін пайдалану мен қорғау туралы» Конвенциясына қосылмаған ел. Қай елмен де болмасын арада жасалған келісімнің орындалуы, істің нәтижелі болуы оған жауапты өкілетті органдардың біліктілігін, тынымсыз жұмыс пен ел мүддесін қорғауда мұқалмас ерік-жігерін қажет етеді. Су, оның ішінде трансшекаралық өзендер жағдайы үшін жауапкершілік – аса күрделі мәселе. Бұл жерде шалақ ойлап, шорт кесу, асығыстыққа бару жақсылық әкелмейді», - дейді Нариман Қыпшақбайұлы тілшіге берген сұхбатында [2].

Байқап отырғанымыздай, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғауға толыққанды ие болу үшін шекаралас мемлекеттермен бейбіт ымыраға келу, не беделді халықаралық ұйымдардың үлкен ықпалы қажет-ақ. Әдетте, аталған мүмкіндіктерге халықаралық ұйымдарға мүше болу, халықаралық актілерді ратификациялау, үкіметаралық келісімдер жасау жолдарымен жетеді. Сонымен-ақ, мемлекеттердің келісімдерінің нәтижелілігіне қатысушы мемлекеттердің Халықаралық Конвенцияны ратификациялаған болуының белгілі дәрежеде маңызы бар. Шын мәнісінде Конвенцияны қабылдаған мемлекет ондағы шарттарды түгелімен орындауға міндет алады. Халықаралық аренада мемлекеттің саяси беделділік, өкілдердің шеберлігі мен біліктілігі де қажетті фактор.

Соңғы кездері көпжақты үкіметаралық келісімдердің нәтиже бермеуі салдарынан мемлекеттер үкіметаралық хаттамаларға қол қоюға көшкен, себебі бұл бітімгершіліктің қысқартылған нысаны, сондықтан да оны қабылдаудың жедел процедурасы болып отыр.

Жоғарыда аталған Қытайға қатысты туындаған сұрақтың себебін анықтау үшін сол елдің заңнамаларына талдау жасағанды жөн санайды Гаврилова Ю.А. [3].

1988 жылдың шілдесінде қабылданған ҚХР Су кодексіне сай, су ресурстарын пайдалану мен қорғау жөніндегі сұрақты шешу құқығын мемлекет өзіне және территориялды басқару органдарына, яғни Қытай тарапына, қалдырады. Сонымен қатар, іс-тәжірибеде, сарапшылардың пайымдауынша, Қытай тарапының трансшекаралық су мәселесін шешуге саяси қалауының жоқтығын ашық айта отырып, мемлекеттер арасындағы ұшжақты ынтымақтастық туралы Қазақстанның ұсынысын елемейді. Басқаша айтқанда, ҚХР суды пайдалануды жалпы су жүйесі шегінде реттеу қажеттігін, яғни бір мемлекеттің қарауынан тыс бассейндік қағидатпен шешуді мойындамайды. ҚХР, ҚР мен РФ территориясында орналасқан трансшекаралық өзеннің нақты проблемасын шешу үшін ұшжақты немесе көптарапты форматта бітімгершілікке келу қажет, өкінішке орай ҚХР-на бұл тән емес.

